



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**Келісілген**

Өнер, мәдениет және спорт институты  
Институт кеңесінің төрағасы

Исабек Н.Е.

(қолы)

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201\_\_ ж.

**Бекітемін**

Дене мәдениеті және спорт педагогтарын  
даярлаудың теориясы мен әдістемесі  
кафедрасы. Кафедра меңгерушісі  
Ильясова А.Н.

(қолы)

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201\_\_ ж.

## **ПӘННІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ**

**«Ғылыми- зерттеулердің әдіснамалық  
негіздері мен әдістері»**

6M010800 – Дене мәдениеті және спорт

Алматы, 2017

Жұмыс оқу бағдарламасы:

- 6M010800 - «Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бойынша жоғары кәсіби білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. бекітілген «6M010800 - «Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бойынша оқу жоспары негізінде даярланады.

**Құрастырушы:**

п.ғ.к., қауымдастырылған  
профессор

Ахметова Э.К.

Кафедра меңгерушісі  
п.ғ.д., профессор

Ильясова А.Н.

**ПӘННІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕННІҢ  
ТІРКЕУ МАЗМҰНЫ**

№	Құжаттың атауы	беті
1	Силлабус: 1. Пән туралы ақпарат 2. Пәннің қысқаша сипаттамасы 3. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар 4. Оқу-әдістемеліктің жабдықтау картасы 5. Бағалау критеріі және ағымдық бақылауды өткізу бойынша ұсыныстар	3
2	Дәріс тезистері	15



## МАГИСТРАНТТАРҒА АРНАЛҒАН ПӘН СИЛЛАБУСЫ

### 1. Пән туралы ақпарат

Пәннің атауы «Ғылыми- зерттеулердің әдіснамалық негіздері мен әдістері»  
 Кредит саны 2  
 Курс, семестр 1 курс, 1 семестр  
 Мамандықтың шифры және атауы «6M010800 - «Дене мәдениеті және спорт»  
 Институт Өнер, мәдениет және спорт  
 Кафедра Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлау теориясы мен әдістемесі  
 Оқытушының аты-жөні, дәрежесі, атағы, қызметі Ахметова Э.К. педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
 Контакттік ақпарат (телефон, e-mail)

### 2. Пәннің қысқаша мазмұны.

«Ғылыми-зерттеулердің әдіснамалық негіздері мен әдістері» пәнінің мақсаты магистратура түлектерін педагогика саласында ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыруға дайындау, магистранттарда педагогикалық-психологиялық зерттеудің жалпы ғылыми әдіснамасы жөніндегі ұғымын қалыптастыру болып табылады.

«Ғылыми-зерттеулердің әдіснамалық негіздері мен әдістері» пәнінің негізгі **міндеттері:**

- магистранттарды ғылыми-зерттеу жұмысының мәнін тануға бағдарлау; ғылыми - зерттеу жұмысының әдіснама мен әдістемесінің негізін үйрету;
- түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу біліктілігін қалыптастыру;
- педагогикалық үрдіс барысында практикалық міндеттерді шешуде, зерттеу әдістерін қолдануды меңгеру құзырлылықтарын дамыту.

«Ғылыми-зерттеулердің әдіснамалық негіздері мен әдістері» пәнін оқыту нәтижесінде магистрант: әдіснамалық білімнің құрылымы мен қызметі туралы жалпы түсінікті; психологиялық-педагогикалық зерттеу және оның ғылыми аппаратының жүйелілік құрылымын; зерттеудің жалпы ғылыми және психологиялық-педагогикалық әдістерін; эксперименттің орындалу тәртібі және негізгі сипаттамасын, психологиялық-педагогикалық эксперимент барысында алынған мәліметтерді дәлелдей **білетін болады**. Ғылыми зерттеуді талдаудағы ептілік, ғылыми зерттеу жұмыстарының бағдарламаларының дербес құрастыра білу, түсіндіру, қорытындылау және зерттеу нәтижесін **меңгереді**.

### 3. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар.

№	Пән тақырыбының атаулары	апта	Аудитория-лық сабақтар		Сабақ түрі (сипаттама)		Барлығы (с.)
			Дәріс (ч.)	Пр/сем./лаб./студ (ч.)	СОӨЖ	СӨЖ	
1	№ 1 дәріс тақырыбы: Ғылыми педагогикалық әдіснама туралы түсінік	1	1				1
	№ 1 дәріске семинар сабағының тақырыбы: Ғылыми педагогикалық әдіснама туралы түсінік 1. «Әдіснама» ұғымының түсіндірме, энциклопедиялық сөздіктерде түсіндірілуі. 2. «Әдіснаманы білу неге қажет?» тақырыбына ой талқы.			2			2
	№ 1 дәріске МОӨЖ тақырыбы:				3		3

	Әдіснамалық білімдер тобының төрт деңгейлілігі Э.Г. Юдин бойынша.						
	№ 1 дәріске МӨЖ тақырыбы: Педагогика ғылымдарының әдіснамалық негіздері туралы					3	3
2	№ 2 дәріс тақырыбы. Ғылыми білім танымдық іс әрекеттің нәтижесі ретінде.	2	1				1
	№ 2 дәріске семинар сабағының тақырыбы: <i>Ғылыми білім танымдық іс-әрекеттің нәтижесі ретінде</i> 1. «Ғылым», «ғылыми білім», «ғылыми зерттеу», «іс-әрекет» ұғымдарының мәнін ашу. 2. Педагогика ғылымдарының әдіснамалық негіздері туралы түсінікті қалыптастыру.			2			2
	№ 2 дәріске МӨЖ тақырыбы: Әдіснамалық философиялық білім				3		3
	№ 2 дәріске МӨЖ тақырыбы: Әдістемелік білімге негізделген ой мәдениеті					3	3
3	№ 3 дәріс тақырыбы. Ғылыми білімдер жүйесіндегі педагогика.	3	1				1
	№ 3 дәріске семинар сабағының тақырыбы: <i>Ғылыми білімдер жүйесіндегі педагогика</i> 1. Педагогика ғылымының пәні, объектісі 2. Философия, психология, антропология, әлеуметтану т.б. және педагогика 3. Педагогика ғылымының ерекшелігі.			2			2
	№ 3 дәріске МӨЖ тақырыбы: Педагогиканың басқа ғылым салаларымен байланысы туралы ой талқы.				3		3
	№ 3 дәріске МӨЖ тақырыбы: Ғылым мен практиканың бірлігі жайлы.					3	3
4	№ 4 дәріс тақырыбы. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық амалдары.	4	1				1
	№ 4 дәріске семинар сабағының тақырыбы: <i>Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық амалдары</i> 1. «Әдіснамалық амал» ұғымының мәнін ашу 2. Әдіснамалық амалдардың сипаттамасына тоқталу			2			2
	№ 4 дәріске МӨЖ тақырыбы: Синергетика және акмеологиялық амал				3		3
	№ 4 дәріске МӨЖ тақырыбы: Үлестірме материалдармен жұмыс арқылы кесте жасау					3	3
5	№ 5 дәріс тақырыбы. Зерттеу кезеңдері мен деңгейлері.	5	1				1

	№ 5 дәріске семинар сабағының тақырыбы: <i>Зерттеу кезендері мен деңгейлері.</i> 1. Ғылыми зерттеу жұмысының үлгі бағдарламасын талқылау 2. Іргелі зерттеулердің міндеттері 3. Қолданбалы зерттеулердің міндеттері			2			2
	№ 5 дәріске МОӨЖ тақырыбы: Іргелі және қолданбалы зерттеулер				3		3
	№ 5 дәріске МӨЖ тақырыбы: Өз зерттеу жұмыстарының кезеңдерін айқындау					3	3
6	№ 6 дәріс тақырыбы. Зерттеудің ғылыми аппараты	6	1				1
	№ 6 дәріске семинар сабағының тақырыбы: <i>Зерттеудің ғылыми аппараты</i> 1. Ғылыми мәселе мен практикалық міндеттердің байланысы 2. Тақырыпты айқындау мен көкейкестілігін негіздеуге машықтану 3. Зерттеудің объектісі мен пәнін авторефераттармен жұмыс бойынша бекіту			2			2
	№ 6 дәріске МОӨЖ тақырыбы: Зерттеу мақсаты мен міндеттері, құралдары Ғылыми болжам мен қорғалатын қағидаларды тұжырымдауға үйрену.				3		3
	№ 6 дәріске МӨЖ тақырыбы: Ғылыми-педагогикалық зерттеудің элементтерінің сипаттамалық кестесімен жұмыс					3	3
7	№ 7 дәріс тақырыбы. Зерттеу элементтері	7	1				1
	№ 7 дәріске семинар сабағының тақырыбы: <i>Зерттеу әдістері</i> 1. Теориялық әдістердің жіктелісімен жұмыс. 2. Эмпирикалық әдістер жіктелісін жасау, сипаттау 3. Модельдеу әдісі.			2			2
	№ 7 дәріске МОӨЖ тақырыбы: Зерттеу жұмыстарының міндеттеріне сәйкес, анкеталар, тестер, т.б. диагностикалық материалдар дайындау технологиясымен танысу				3		3
	№ 7 дәріске МӨЖ тақырыбы: Өз зерттеулерінің әдістерін тандау, негіздеу					3	3
8	№ 8 дәріс тақырыбы. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері	8	1				1
	№ 8 дәріске семинар сабағының тақырыбы: <i>Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық ұстанымдары</i> 1. Авторефераттармен жұмыс жасай отырып, әдіснамалық ұстанымдарды айқындау			2			2

	3. Зерттеудің әдіснамалық ұстанымдарының кестесін жасау						
	№ 8 дәріске МОӨЖ тақырыбы: Психологиялық- педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы. Жаңа педагогикалық білімдерді қалыптастыру жолдары.				3		3
	№ 8 дәріске МӨЖ тақырыбы: Өз зерттеу тақырыптарының ұстанымдарын анықтау					3	3
	№ 9 дәріс тақырыбы. Эмпирикалық зерттеу әдістері	9	1				1
9	№ 9 дәріске семинар сабағының тақырыбы: Тікелей және жанама бақылау				2		2
	№ 9 дәріске МОӨЖ тақырыбы: Эмпирикалық зерттеу әдістерінің түрлері					3	3
	№ 9 дәріске МӨЖ тақырыбы: Эмпирикалық зерттеу ұғымын ашу					3	3
10	№ 10 дәріс тақырыбы. Ғылыми педагогикалық зерттеудің жүргізілу процесі және қорытынды кезеңі	10	1				1
	№ 10 дәріске семинар сабағының тақырыбы: <i>Зерттеу нәтижелері</i> 1. Зерттеу нәтижелерін айқындау, тұжырымдау 2. Нәтижелердің жаңалық дәрежесін анықтау көрсеткіштері				2		2
	№ 10 дәріске МОӨЖ тақырыбы: Нәтижелердің шынайылығы мен дәйектілігін анықтау жолдары					3	3
	№ 10 дәріске МӨЖ тақырыбы: Зерттеудің теориялық және практикалық құндылығы					3	3
11	№ 11 дәріс тақырыбы. Педагогикалық эксперимент	11	1				1
	№ 11 дәріске семинар сабағының тақырыбы: <i>Педагогикалық эксперимент</i> 1. Айқындаушы эксперименттің мақсат міндеттері, жоспар жасау. 2. Қалыптастырушы эксперименттің жоспарын жасау 3. Аралық және ақырғы нәтижелер алу әдістері.				2		2
	№ 11 дәріске МОӨЖ тақырыбы: Эксперимент түрлері					3	3
	№ 11 дәріске МӨЖ тақырыбы: Эксперимент базасын тандау ерекшеліктері					3	3
12	№ 12 дәріс тақырыбы. Ғылыми мәтінмен жұмыс	12	1				1
	№ 12 дәріске семинар сабағының тақырыбы: Зерттеу нәтижелеріне қойылатын репрезентативтік, валидтік, релеванттық талаптар				2		2
	№ 12 дәріске МОӨЖ тақырыбы:						

	Мұғалімдердің, жаңашыл педагогтардың тәжірибесін зерттеу				3		3
	№ 12 дәріске МОӨЖ тақырыбы: Оқушылардың жазбаша, графикалық және шығармашылық жұмыстарын зерттеу					3	3
13	№ 13 дәріс тақырыбы. Ғылыми хабарламалардың формалары	13	1				1
	№ 13 дәріске семинар сабағының тақырыбы: <i>Ғылыми хабарламалардың формалары</i> 1. Ғылыми-ақпараттық тіл стилі және жанрлары 2. Реферат, аннотация, мақала, конспект, тезис ерекшеліктері, құрылымы.			2			2
	№ 13 дәріске МОӨЖ тақырыбы: Қалай жазу керек? Қалай сөйлеу керек?				3		3
	№ 13 дәріске МОӨЖ тақырыбы: Зерттеу тақырыбы бойынша мақала, пікір дайындау.					3	3
14	№ 14 дәріс тақырыбы. Педагогикалық эксперимент міндеттері	14	1				1
	№ 14 дәріске семинар сабағының тақырыбы: Педагогикалық эксперимент түрлері			2			2
	№ 14 дәріске МОӨЖ тақырыбы: Педагогикалық құжаттарды зерттеу				3		3
	№ 14 дәріске МӨЖ тақырыбы: Сауалнаманың түрлері мен әдістері, сауалнама алу себебі					3	3
15	№ 15 дәріс тақырыбы. Теориялық және тарихи ғылыми педагогикалық зерттеулердің әдістері	15	1				1
	№ 15 дәріске семинар сабағының тақырыбы: Теориялық қызмет әдісі.			2			2
	№ 15 дәріске МОӨЖ тақырыбы: Тарихи және логикалық әдістері.				3		3
	№ 15 дәріске МӨЖ тақырыбы: Модельдеу.					3	3
	Барлығы	15	15	30	45	45	135

#### 4. Оқу-әдістемелік жабдықтау картасы

Мамандық 6М010800–Дене мәдениеті және спорт

«Ғылыми- зерттеулердің әдіснамалық негіздері мен әдістері» пәні бойынша

№	Дәріс нөмірі, тақырыбы	Негізгі әдебиет (авторы, аталуы, басылым жылы, оқылатын бөлім бойынша беттері)	Қосымша әдебиет және Интернет көздері	Қажет болған жағдайдағы басқа да ресурстар (программалық қамтамасыздандыру,



				презентация-лар, көрнекті құралдар және т.б.)
1.	№ 1 дәріс тақырыбы: <b>Ғылыми педагогикалық әдіснама туралы түсінік</b>	1. Организация и планирование научных исследований. Учеб. пос. для магистрантов./сост. А.А. Тленбаева.- Алматы: Қазақ унив., 2006-65с. 2. Хмель Н.Д. Методология научного поиска школа начинающего исследователя.- Семипалатинск, СГПИ, 2007.-28с.	1. Методы системного педагогического исследования. /Под. ред. Н.В. Кузминой, Ленинград :Изд. ЛГУ, 1980. 2. Копнин П.В., Попович М.В. Логика научного исследования М.: 1967.	
2.	№ 2 дәріс тақырыбы. <b>Ғылыми білім танымдық іс әрекеттің нәтижесі ретінде.</b>	1. Кушнир Ю.З. Методология и методика педагогических исследований.- Могилев. 2008 г. 2. Организация и планирование научных исследований. Учеб. пос. для магистрантов./сост. А.А. Тленбаева.- Алматы: Қазақ унив., 2006-65с.	1. Методы системного педагогического исследования. /Под. ред. Н.В. Кузминой, Ленинград :Изд. ЛГУ, 1980. 2. Копнин П.В., Попович М.В. Логика научного исследования М.: 1967. 3. Скаткин М.Н. Методология и методика педагогических исследований. В помощь начинающему исследователю. Москва. Педагогика. 1986.	
3.	№ 3 дәріс тақырыбы. <b>Ғылыми білімдер жүйесіндегі педагогика.</b>	1. Организация и планирование научных исследований. Учеб. пос. для магистрантов./сост. А.А. Тленбаева.- Алматы: Қазақ унив., 2006-65с. 2. Кушнир Ю.З. Методология и методика педагогических исследований.- Могилев. 2008 г.	1. Методы системного педагогического исследования. /Под. ред. Н.В. Кузминой, Ленинград :Изд. ЛГУ, 1980. 2. Копнин П.В., Попович М.В. Логика научного исследования М.: 1967.	
4.	№ 4 дәріс тақырыбы. <b>Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық амалдары</b>	1. Хмель Н.Д. Методология научного поиска школа начинающего исследователя..- Семипалатинск, СГПИ, 2	1. Кудайкулов М. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің методологиялық-теориялық	

		007.-28с. 2. Организация и планирование научных исследований. Учеб.пос.для магистрантов./сост.А.А. Тленбаева.-Алматы: Қазақ унив., 2006-65с. 3.Бережнова Е.В. Прикладное исследование в педагогике. М.: Волгоград 2003 г.	проблемалары. Курсын оқытудың кредиттік технологиясы.- Алматы, 2004-306. 2. Барсукова Л.С., Афонина И.Н. Методика психолого-педагогического исследования - М., 2001.	
5.	№ 5 дәріс тақырыбы. <b>Зерттеу кезеңдері мен деңгейлері</b>	1.Кушнир Ю.З. Методология и методика педагогических исследований.- Могилев. 2008 г. 2 Организация и планирование научных исследований. Учеб.пос.для магистрантов./сост.А.А.Тленбаева.-Алматы: Қазақ унив., 2006-65с.	1. Кудайкулов М. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің методологиялық-теориялық проблемалары. Курсын оқытудың кредиттік технологиясы.-Алматы, 2004-306. 2.Барсукова Л.С., Афонина И.Н. Методика психолого-педагогического исследования - М., 2001.	
6.	№ 6 дәріс тақырыбы. <b>Зерттеудің ғылыми аппараты</b>	1. Организация и планирование научных исследований. Учеб.пос.для магистрантов./сост.А.А. Тленбаева.-Алматы: Қазақ унив., 2006-65с. 2. Хмель Н.Д. Методология научного поиска школа начинающего исследователя..- Семипалатинск,СГПИ,2007.-28с. 3. Кушнир Ю.З. Методология и методика педагогических исследований. Могилев. 2008 г.	1. Кудайкулов М. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің методологиялық-теориялық проблемалары. Курсын оқытудың кредиттік технологиясы.-Алматы, 2004-306. 2.Барсукова Л.С., Афонина И.Н. Методика психолого-педагогического исследования - М., 2001.	
7.	№ 7 дәріс тақырыбы. <b>Зерттеу элементтері</b>	1. Организация и планирование научных исследований. Учеб.пос.для магистрантов./сост.А.А. Тленбаева.-Алматы: Қазақ унив., 2006-65с. 2. Хмель Н.Д.	1. Методы системного педагогического исследования. /Под ред. Н.В.Кузминой, Ленинград :Изд. ЛГУ, 1980. 2. Копнин П.В., Попович М.В. Логика	

		<p>Методология научного поиска школа начинающего исследователя..- Семипалатинск,СГПИ,2007.-28с.</p> <p>3. Кушнир Ю.З. Методология и методика педагогических исследований. Могилев. 2008 г.</p>	<p>научного исследования М.: 1967.</p> <p>3. Скаткин М.Н. Методология и методика педагогических исследований. В помощь начинающему исследователю. Москва. Педагогика. 1986.</p>	
8.	<p>№ 8 дәріс тақырыбы. <b>Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері</b></p>	<p>1. Кудайкулов М. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің методологиялық-теориялық проблемалары. Курсын оқытудың кредиттік технологиясы.-Алматы, 2004-30б.</p> <p>2.Барсукова Л.С., Афонина И.Н. Методика психолого-педагогического исследования - М., 2001.</p> <p>3.Бережнова Е.В. Прикладное исследование в педагогике. М.: Волгоград 2003 г.</p>	<p>1. Хмель Н.Д. Методология научного поиска школа начинающего исследователя..- Семипалатинск,СГПИ, 2007.-28с.</p> <p>2. Организация и планирование научных исследований. Учеб.пос.для магистрантов./сост.А.А .Тленбаева.-Алматы: Қазақ унив., 2006-65с.</p>	
3.	<p>№ 9 дәріс тақырыбы. <b>Эмпирикалық зерттеу әдістері</b></p>	<p>1.Кушнир Ю.З. Методология и методика педагогических исследований.- Могилев. 2008 г.</p> <p>2 Организация и планирование научных исследований. Учеб.пос.для магистрантов./сост.А.А. Тленбаева.-Алматы: Қазақ унив., 2006-65с.</p>	<p>1. Скаткин М.Н. Методология и методика педагогических исследований. В помощь начинающему исследователю. Москва. Педагогика. 1986.</p>	
4.	<p>№ 10 дәріс тақырыбы. <b>Ғылыми педагогикалық зерттеудің жүргізілу процесі және қорытынды кезені</b></p>	<p>1. Методы системного педагогического исследования. /Под. ред. Н.В.Кузминой, Ленинград :Изд. ЛГУ, 1980.</p> <p>2. Кушнир Ю.З. Методология и методика педагогических исследований. Могилев. 2008 г.</p>	<p>1. Копнин П.В., Попович М.В. Логика научного исследования М.: 1967.</p> <p>2. Скаткин М.Н. Методология и методика педагогических исследований. В помощь начинающему исследователю. Москва. Педагогика. 1986.</p>	

5.	№ 11 дәріс тақырыбы. <b>Педагогикалық эксперимент</b>	1. Бережнова Е.В. Прикладное исследование в педагогике. М.: Волгоград 2003 г. 2. Кудайкулов М. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің методологиялық-теориялық проблемалары курсының оқытудың кредиттік технологиясы -Алматы, 2004-306.	1. Методы системного педагогического исследования./Под. ред. Н.В.Кузминой, Ленинград:Изд.ЛГУ,80. 2.Организация и планирование научных исследований. Учеб.пос.для магистрантов./составит. А.А.Тленбаева.- Алматы: Қазақ унив., 2006-65с.	
6.	№ 12 дәріс тақырыбы. <b>Ғылыми мәтінмен жұмыс</b>	1. Бережнова Е.В. Прикладное исследование в педагогике. М.: Волгоград 2003 г. 2. Кудайкулов М. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің методологиялық-теориялық проблемалары курсының оқытудың кредиттік технологиясы -Алматы, 2004-306.	1.Кушнир Ю.З. Методология и методика педагогических исследований.- Могилев. 2008 г. 2 Организация и планирование научных исследований. Учеб.пос.для магистрантов./сост.А.А .Тленбаева.-Алматы: Қазақ унив., 2006-65с.	
3.	№ 13 дәріс тақырыбы. <b>Ғылыми хабарламалардың формалары</b>	1.Копнин П.В., Попович М.В. Логика научного исследования М.: 1967. 2. Скаткин М.Н. Методология и методика педагогических исследований. В помощь начинающему исследователю. Москва. Педагогика. 1986.	3. Скаткин М.Н. Методология и методика педагогических исследований. В помощь начинающему исследователю. Москва. Педагогика. 1986.	
4.	№ 14 дәріс тақырыбы. <b>Педагогикалық эксперимент міндеттері</b>	1. Хмель Н.Д. Методология научного поиска школа начинающего исследователя..- Семипалатинск,СГПИ,20 07.-28с. 2. Организация и планирование научных исследований. Учеб.пос.для магистрантов./сост.А.А. Тленбаева.-Алматы: Қазақ унив., 2006-65с.	1. Кудайкулов М. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің методологиялық-теориялық проблемалары. Курсын оқытудың кредиттік технологиясы.-Алматы, 2004-306. 2.Барсукова Л.С., Афонина И.Н. Методика психолого-педагогического исследования - М., 2001.	
3.	№ 15 дәріс тақырыбы. <b>Теориялық және тарихи</b>	1. Бережнова Е.В. Прикладное исследо-	1.Кушнир Ю.З. Методология и	

	<b>ғылыми педагогикалық зерттеулердің әдістері</b>	вание в педагогике. М.: Волгоград 2003 г. 2. Кудайкулов М. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің методологиялық-теориялық проблемалары курсының оқытудың кредиттік технологиясы -Алматы, 2004-30б.	методика педагогических исследований.- Могилев. 2008 г. 2 Организация и планирование научных исследований. Учеб.пос.для магистрантов./состави. А.А.Тленбаева.- Алматы: Қазақ унив., 2006-65с.	
--	--	--	--	--

Оқытушы \_\_\_\_\_ қолы

## 5. Бағалау критерийі

Аттестация түрі	Бақылау түрі	Жалпы бағадан үлес, макс. в %
Аралық бақылау №1	Сабаққа қатысым	5
	Ағымдық бақылау (прак. сем., лаб. и студ. сабақтар)	50
	Өздік жұмысты бақылау (СОӨЖ; СӨЖ)	30
	Аралық бақылау (колоквиум, бақылау жұмысы, презентация и т .б.)	15
Аралық бақылау №2	Посещение занятий	5
	Текущий контроль (прак. сем., лаб. и студ. занятия)	50
	Өздік жұмысты бақылау (СОӨЖ; СӨЖ)	30
	Аралық бақылау (колоквиум, бақылау жұмысы, презентация и т .б.)	15
Қорытынды бақылау	Емтихан	100

### Аралық бақылауды өткізу туралы ұсыныс

Аралық бақылауды өткізген кезде төмендегідей Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативті құжаттарын пайдалану ұсынылады:

- Жоғары оқу орындарындағы білім алушыларға ағымдық, аралық бақылауды және қортынды аттестацияны жүргізудің Типтік ережелері (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министр **1 қараша 2010 жылғы № 506 бұйрығы** (бұдан әрі–Ереже);
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты 5.03.006-2006 «Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі. Жоғары оқу орындарындағы білімді бақылау және бағалау.Негізгі ережелер». (бұдан әрі – ҚР МЖМБС5.03.006-2006 ).

Рейтингтік жүйе студенттің барлық оқу түрі бойынша (дәріске қатысу, практикалық, зерханалық сабақтар, бақылау жұмыстарын орындау т.б.) «жинақтаған» баллдары есептеу негізделген.

Білім алушылардың ағымдық бақылауы – бұл оқытушының академиялық кезең бойынша сабақ кестесіне сәйкес дәрісханалық және дәрісхандан тыс сабақтарда студенттердің білімін жүйелі тексеруі. (Ереже, т.5)

Ағымдық бақылау бағасы (жіберілу рейтингісін бағалау) дәрісханалық сабақтарда және ағымдық бағалаудан (дәрісханадан тыс сабақтар) сабақтар негізінде жинақталады. (Ереже, т.6)

Ағымдық бақылау бір пән бойынша академиялық кезең аясында екі реттен кем емес (Ереже, т.11.)

Студенттердің қатысым және үлгерім журналын сабақты жүргізуші оқытушы толтырады.

Пәннің оқу бағдарламасы арқылы білім алушылар үлгерімінің ағымдық бақылауы жүргізіледі: ауызша сұрау, жазбаша бақылау, аралас бақылау, үй тапсырмасы презентациясы, дискуссия, тренингтер, дөгелек үстел, кейс- стадия, тесттер және т.б. (ҚР МЖМБС 5.03.006-2006, т.5.4).

Оқу жоспарында қарастырылған курстық, есептік-графикалық және басқа да жұмыстар емтихан сессиясы басталғанға дейін қорғалуы қажет және пән бойынша емтиханға жіберудің негізін құрайды. Осы жұмыстар бойынша бағалар рейтингті есептеуде есепке алынуы керек. (ҚР МЖМБС 5.03.006-2006, т.5.5.).

Ағымдық бақылау кезінде студенттердің білім жетістіктерін бақылау 100- балдық шкала бойынша әрбір орындалған тапсырмаға (ағымдық сабақтардағы жауабы, үй тапсырмасын орындау, өзіндік жұмыс қойылады, (аралық бақылау) және ағымдық бақылаудың соңғы нәтижесі академиялық кезең бойында алынған барлық бағалардың орта есебін шығару арқылы жүзеге асады. (Ереже, т.7).

Жоғарыдағыларды есепке ала отырып, қатысым және үлгерім журналына барлық ағымдық бақылау бойынша бағалар қойылады:

- 0-егер тапсырма тапсырылмаса:

- 49 (F)- егер тапсырма «қанағаттанарлықсыз» орындалса:

-50 ден 100 дейін (D-дан А ға дейін ) - ауызша\жазбаша жауаптар\тапсырмалар толық және дәл орындалуына байланысты қойылады.

Семестр бойынша пән Силлабусында үй тапсырмасын орындау, СӨЖ уақыты және оны тексеру, Журналға баға қою қарастырылу керек.

Ағымдық бақылауда бақылау жұмысы, тест т.б. оқудан тыс уақытта болатын тапсырмалар 15%. Көп болмауы қажет

Сонымен, студент сабаққа қатысып пән бойынша тапсырмаларды орындап, бірақ, сабаққа қатыспаса 1-ден 8-аптаға дейін ( 9 дан15-апта дейін), ағымдық кезеңдегі бағасы 0 ге тең бола алмайды. Бұл жағдайда үлгерімнің ағымдық бақылауының нәтижесі аралық бақылау бағасындағы ағымдық бағаны алып тастаумен есептеледі.

Қатысым және үлгерім журналындағы ағымдық бақылау нәтижелері 8-інші және 15-інші аптада жеке графада оқу кезеңіне сәйкес алынған барлық бағалардың орта арифметикалық бағасы ретінде қойылады, соның ішінде, графикалық, курстық жұмыстарды қорғауды есептегенде.

Студенттің сабаққа 100% қатысымы оқытушының қалауы бойынша қосымша бонустарды бағаға қосуға мүмкіндік береді. Мұндай жағдайда журналға қосымша жеке графа берілуі қажет. Сонымен қатар, оқытушы студентке семинар, зертханалық сабақтардағы белсенділігі үшін қосымша бонус бере алады. Ағымдық бақылаудың соңғы нәтижелері АБ-1/АБ-2 графаларына қойылатындықтан қосымша бонустар/балдар арқылы жоғарлауы мүмкін.

Қатысым және үлгерім журналында аралық бақылауға жіберілу (емтихан) бағасы жеке графада (АБ-1/АБ-2 орта балы) екі аралық бақылаудың орта арифметикалық бағасы ретінде 50 % кем емес қойылады.

Сонымен сырттай оқу бөлімі студенттердің үлгерімін ағымдық бақылау оқу емтихан сессиясы кезеңінде де, оның басында да жүзеге асады. Сырттай бөлімде оқитын студент оқу емтиханы басталғанға дейін барлық бақылау және есептік графикалық жұмыстар, курстық жұмыстарды, сонымен қатар, үй тапсырмаларының түрлерін, СӨЖ, аралық бақылауды пән бағдарламасына сәйкес (Ереже, т. 9). тапсырады.

## ДӘРІС ТЕЗИСТЕРІ

№ апта	Дәріс тақырыбы және тезистер	Сағат көлемі
№ 1 дәріс	<p><b>Ғылыми педагогикалық әдіснама туралы түсінік</b>  <b>Қарастырылатын сұрақтар (дәріс жоспары):</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ғылым дамуының басты шарты</li> <li>2. Ғылым әдіснамасы зерттеу жүйесіндегі құрылымдық бірліктердің – нысаны, талдау пәні, зерттеу міндеттері, зерттеу құралдар тобы</li> <li>3. Дескриптивтік не прескриптивтік</li> </ol> <p><b>Дәрістің қысқаша мазмұны:</b>  Деректердің жинақталуы мен олардың түсініктемесінің ғылыми негізделген зерттеу әдістеріне тәуелділігі. Әдіснамалық білімнің екі күйі: дескриптивтік не прескриптивтік. Әдіснамалық білімдер тобының төрт деңгейлілігі Э.Г. Юдин бойынша. Философиялық әдіснама. Жалпы ғылымдық –әдіснама. Нақты ғылым әдіснамасы.  Технологиялық әдіснама.  Әдіснаманың ең жоғары деңгейі танымның жалпы принциптері мен бүкіл ғылымның категориялар құрылымын негіздейді. Осыдан философиялық білімдердің барша жүйесі әдіснамалық қызмет атқарады. Екінші – жалпы ғылымдық –әдіснама деңгейінде ғылымдардың баршасында не көпшілігінде қолданылуы мүмкін теориялық тұжырымдарды белгілейді. Үшінші деңгей – нақты ғылым әдіснамасы қандай да нақты ғылыми пән аймағында қолданылатын зерттеу әдістері мен принциптерінің жиынтығын құрайды. Нақты ғылым әдіснамасы белгілі саладағы ғылыми тануға тән болған проблемаларды, сондай-ақ жоғарылау келген әдіснамалық деңгейлерге байланысты алға тартылатын мәселелерді де қамтиды, мысалы: педагогикалық зерттеулердегі жүйелестіру мен жобалау (моделдеу) проблемалары. Төртінші деңгей – технологиялық әдіснама –зерттеу әдістері мен техникасын белгілеп, деректі эмпирикалық материалдарды жинақтап, алғашқы өңдеуден өткізіп, кейін оларды ғылыми білімдер өрісіне қосу қызметтерінен хабар береді. Бұл деңгейдегі әдіснамалық білім нақты көрсетпе-нұсқау сипатына ие. Әдіснаманың барша деңгейлері күрделі жүйеде бірігіп, өзара сабақтастықпен байланысты келеді. Ал әрқандай әдіснамалық деп танылған білімнің мазмұндық негізі философиялық деңгейден іздестіріледі, себебі таным процесі мен болмысты қайта жасау әрекеттерінің дүниетаным, көзқарас бағдары осы философиямен айқындалады.</p> <p><b>Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ғылыми жаңалықтың мәні мен маңызы</li> <li>2. Психологиялық-педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы</li> <li>3. Жаңа педагогикалық білімдерді калыптастыру жолдары.</li> </ol> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Шешім талап ететін күрделі ғылыми немесе тәжірибелік мәселе: <ol style="list-style-type: none"> <li>а) проблема;</li> <li>б) қарама-қайшылық;</li> <li>в) болжам;</li> <li>г) мақсат.</li> </ol> </li> <li>2. Берілген жағдайда оқылатын зерттеу нысанының тарабы: <ol style="list-style-type: none"> <li>а) ұғым көлемі;</li> <li>б) мәселе;</li> <li>в) зерттеу пәні;</li> <li>г) адамдар тобы немесе жеке тұлға.</li> </ol> </li> <li>3. Нақты зерттеуде арнайы оқылатын мәселе түйіні, сұрақтар: <ol style="list-style-type: none"> <li>а) тәжірибе;</li> </ol> </li> </ol>	<b>1</b>

	б) зерттеу пәні; в) зерттеу тақырыбы; г) болжам.	
№ 2 дәріс	<p><b>Ғылыми білім танымдық іс-әрекеттің нәтижесі ретінде Қарастырылатын сұрақтар (дәріс жоспары):</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ғылым әрекет ретінде.</li> <li>2. Әдіснама – ғылымды тану жолы.</li> <li>3. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық негіздері.</li> </ol> <p><b>Дәрістің қысқаша мазмұны:</b></p> <p><b>Ғылым</b> – адамның табиғат пен қоғам туралы объективті білімін қалыптастыруға мүмкіндік беретін танымның ең жоғарғы пішімі, оның практикалық қызметінің бір саласы. Адамзат қоғамының дамуы барысында ғылым сол қоғамның маңызды әлеуметтік институтына және тікелей өндірістік күшіне айналды. Ғылымның басты мақсаты – ғылым заңдарының негізінде ашылып отырған болмыс құбылысы мен процесін болжау, түсіндіру және жүйелеп мазмұндап беру. Ғылым адамзат қоғамының ерте дәуірінен, адам баласының танымдық және өндірістік қажеттілігінің арасы ажырамай тұрған кезеңнен бастау алады. Ежелгі Шығыста (Бабыл. Мысыр, Үндістан. Қытай) болашақ ғылымға негіз болған білімнің алғашқы нышандары қалыптасты. Ғылымның алғышарты ретінде мифологияны атауға болады. Онда алғаш қоршаған орта туралы бүтіндей тұтас, жан-жақты танымдық жүйе қалыптастыруға ұмтылыс болды.</p> <p>Бірақ, бұл нақты теориялық білім болды, оның объективтілігі, логикалық көңілге қонымдылығы бірінші орынға шықты. Ежелгі Грекияда дамыған ғылым (Аристотель және т.б.) қоғам мен табиғат заңдылықтарын ашып, мәдениет тарихында ұлы рөл атқарды; олар тұтастай алғанда дүниетанымды білдіретін бұрынғы абстрактілік ұғымдар жүйесіне танымдық қызмет тәжірибесін енгізді, дүниетанымның объективті, табиғи заңдылықтарын тұрақты іздестіруді дәстүрге айналдырды, ғылымның ерекше тәсілі дәлелдеу негізін қалыптастырды. Осы дәуірде натурфилософиядан білімнің кейбір салалары даралана бастады. Ежелгі грек ғылымның эллинистік кезеңінде геометрия (Евклид), механика (Архимед), астрономия (Птолемей) жеке ғылым салалары түрінде бөлініп шықты. Орта ғасырларда ғылымның дамуына Шығыс, араб елдері Орта Азия ғалымдары елеулі үлес қосты. Олар Ежелгі Грекияда қалыптасқан ғылыми таным жетістіктерін сақтап қана қойған жоқ, оны көптеген салаларда толықтырып, дамытты. Шығыста әл-Фарабиді Аристотельден кейінгі "екінші ұстаз" деп таныды. Орта ғасырларда араб елдері мен ислам діні тараған басқа да аймақтарда философия, медицина, эстетика, математика, астрономия, т.б. ғылым салалары қауырт дамып, бұл құбылыс кейін Ислам Ренессансы деп аталды.</p> <p>Ғылымның қалыптасуына негіз болған тағы бір тірек алхимия мен астрология дамуы болды. Алхимия табиғи заттар мен қоспаларды тәжірибе жасау арқылы зерттеп, химияның қалыптасуының алғышартын жасады. Астрология аспан денелерін зерттеу арқылы астрономияның дамуына ықпал етті. Қайта өрлеу дәуірінде діннің басымдылығы әлсіреді, ғылым рухани өмірдің дербес факторы болып, дүниетанымның негізгі тірегіне айналды.</p> <p>Сондай-ақ, ғылым табиғат құбылыстарын жан-жақты зерттеп, адамзат танымының көкжиегін кеңейте түсті. 16-17 ғ-ларда ғылымда болған терең өзгерістер алғашқы ғылыми революцияға алып келді.</p> <p>Ғылымның қарқынды дамуы, дүниенің жаңа бейнесін қалыптастырудағы ролінің артуы, жаңа дәуірде ғылымды жоғары мәдени құндылық ретінде тануға көптеген философиялық мектептер мен бағыттардың ғылымға қарап бой түзуіне ықпал етті. Қоғамдық өмір құбылыстарын тану саласындағы өзгерістер діннің "табиғи бастауын" іздеу, құқық, мораль, т.б. "адам табиғаты" туралы түсініктер бағытындағы ізденістерден көрініс тапты.</p>	2



Механикадағы жетістіктер ғылымның аяғында жүйеленіп, толығып, әлемнің механикалы бейнесі туралы түсінік қалыптастыруда шешуші рөл атқарып, кейін әмбебап дүниетанымдық маңызға ие болды.

Ғылымның дамуына қазіргі кезеңдегі философиялық дүниетанымдық базасы диалекті-логикалық тұжырымдама болып табылады.

Ғылымның "өсу нүктесі" оның ішкі даму логикасы мен қазіргі заманғы адамзат қоғамының көпқырлы әлеуметтік қажеттілігінің ұштасуына байланысты. 20 ғасырдың басында жаратылыстану ғылымында алдыңғы қатарға биология шықты, онда ДНК-ның молекулалық құрылымы белгіленіп, генетикалық кодтары айқындалды. 20 ғ-да ғылымның даму қарқыны оның түрлі салаларының ұштасып, қазіргі кезеңнің кешенді, ірі мәселелерін жаңа бағдарда шешуге бағытталған мәселелерде (материалдар мен энергияның жаңа көздерін қалыптастыру, адам мен табиғат қатынастарын тиімділендірудің үлкен жүйелерді басқару, ғарыштық зерттеулер. т.б.) ерекше байқалады. Ғылымның өз заңдарын ашуға бағытталған қызметі – түсіндіру мен болжау болып табылады. Занды ашу жолындағы ізденіс зерттелу үстіндегі нысанның маңызды емес, екінші қатардағы қасиеті мен байланысынан алшақтауды, оған назар аудармаудан талап етеді, басқаша айтқанда оны "таза" күйінде қарастыру қажет. Ғылымдағы абстрактілеуді субъективті тәсіл деп ұғуға болмайды. Оның ғылымдағы рөлі зерттелудегі ақиқатқа қол жеткізуге жәрдемдесуімен анықталады. Әдіснамалар деңгейі:

I-ші деңгей – философиялық білім;

II-ші деңгей – жалпы ғылыми әдіснама (жүйелі тәсіл, іс-әрекеттік тәсіл, әртүрлі ғылыми зерттеулердің типтерінің сипаттамасы, олардың кезеңдері және элементтері: болжам, нысана және зерттеудің пәні, мақсаты, міндеттері т.б.).

III-ші деңгей – нақты ғылыми әдіснама. Зерттеу принциптері және процедурасы, мысалы, педагогика пәні.

Әдістемелік мәдениет – бұл керекті бөлігі рефлексия болып табылатын әдістемелік білімге негізделген ой мәдениеті. Әдістемелік мәдениетке: әдістемелік рефлексия (өзіндік ғылыми іс-әрекетті талдай білу), ғылыми бәсектемеге қабілеті, белгілі бір концепцияға критикалық ой мен шығармашылық қабылдау, зерттеу әдістері кіреді.

Әдістемелік мәдениет ғылымнан да қажет. Педагог-практикке әдістемелік мәдениеттің бөлігі болып табылатындар: оқу-тәрбие процесінде жобалау мен құру, сезіну, қалыптастыру және педагогикалық тапсырмалардың нәтижесі, әдістемелік рефлексия. Педагогиканың ғылыми-теоретикалық қызметі ғылым ретінде педагогикалық шындықтың нақты түрде қандай екенін ашып көрсетеді. Нәтижесінде мұғалімнің білімінің жаңа оқулықтарға сәтті және сәтсіз жұмыстары, оқушының жаңа материалдарды игеруді сынау барысында қиындықтары, құрамы, білім беру мазмұны туралы сияқты жұмыстар айқындалды.

### **Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар**

1. Ғылымның "өсу нүктесі"

2. Ғылымның алғышарты – мифология

1. Себеп-салдар тәуелділігін анықтаудың кейбір жасанды жағдайлары мен бағыттарын тудыруға арналған ғылыми-зерттеу әдістемесі:

а) қадағалау;

б) жағдайлық тесттер;

в) тәжірибе;

г) тестілеу.

2. Тәжірибелік деректерді талдау мен жинақтауға негізделген зерттеу:

а) эмпириялық;

б) теориялық;

	<p>в) шолу-талданбалы; г) әдістемелік.</p> <p>3. Зерттеу жүргізетін адамдар тобы:</p> <p>а) таңдау; б) жиынтық; в) ұжым; г) номиналды топ (нақты).</p>	
<p>№ 3 дәріс</p>	<p><b>Ғылыми білімдер жүйесіндегі педагогика</b> <b>Қарастырылатын сұрақтар (дәріс жоспары):</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Педагогика – білім беру жайындағы ғылым.</li> <li>2. Педагогиканың дербестігі мен ашықтығы.</li> <li>3. Педагогика және философия; психология; антропология; тарих, әлеуметтану; биология; медицина т.б.</li> </ol> <p><b>Дәрістің қысқаша мазмұны:</b></p> <p>XX ғасырдың екінші жартысынан бастап басқа ғылымдармен катынасындағы интеграциясы мен дифференция тенденциялары педагогиканың дамуын бақылады: философия, психология, социология, физиология, математика, политология, экономика ғылымдары. Ғылыми пәндердің дифференция процесінде әртүрлі осындай облыстар бөлініп шығады. Кез-келген ғылымды басқа ғылымдармен арақатынасына, дифференциялық зерттеу деңгейіне қарай бағалайды.</p> <p>Педагогикалық ғылымның жүйесіне мыналар кіреді: тәрбиенің жалпы заңдылықтары мен негізін зерттейтін жалпы педагогика, педагогикалық идеялар дамуын оқытатын және әртүрлі дәуірдегі тәрбие практикасын оқытатын педагогика тарихы, жасерекшелік педагогикасы әртүрлі жастағы адамдардың тәрбие заңдылықтарын зерттейді (мектепке дейінгі, мектепке дайындық педагогикасы, орта мектеп педагогикасы, арнайы орта білім педагогикасы, жоғарғы мектеп педагогикасы, андрогогика, герогогика).</p> <p>Салыстырмалы педагогика білімдік және тәрбиелік жүйелердің әртүрлі елдердегі ерекшелігі мен ұқсастығын табу және оның құрылымдылығын зерттейді. Арнайы педагогика қимыл-қозғалыс тәрбиесінде жетіспеушілігі бар балалар мен ересектерге білім беру мен тәрбиелеудің үлгілері мен әдістемелерін, принциптерін және теориялық негізін зерттейді. Арнайы педагогика (дефектология) бөлімдері мынадай қатарға бөлінеді: саңырау және мылқау балалар мен ересектердің тәрбие және білім беру сұрақтарымен сурдопедагогика айналысады, соқыр және әлсіз көретін адамдарды - тифлопедагогика, жетіспеушілігі бар адамдармен - олигофренопедагогика, сейлеу қабілеті дамымаған балалар мен ересектермен - логопедия айналысады.</p> <p>Әртүрлі пәндерді оқыту әдістемелері белгілі пәндерді оқытатын арнайы заңдылықтардан тұрады (тілді, физиканы, тарихты т.б.) және керекті әдістемелерді шешуші және сол пәндердің мазмұнын қабылдайтын технологиялық құралдардан тұрады. Кәсіби педагогика арнайы кәсіби сфераға бағытталған әрекеттердің оқыту және тәрбиелеу технологиясын, принциптерін, теоретикалық негізін, заңдылықтарын оқытып-үйретеді. Кәсіби педагогика әскери, инженерлік, медициналық облыстарды байланыстырады және қамтиды.</p> <p>Көз-келген ғылыми-теориялық құрылым бірлескен әрекеттер мен ғылыми білімдердің арасындағы айырмашылықты анық көрсетеді. Бұл теория күнделікті білім беру мен тәрбиелеу практикасына ұласады. Ғылыми түсінік педагогикалық тәжірибе мен білімнің кең формасын береді. Сондықтан педагогиканың дамуы оның өзгерістері мен категорияларын көрсетті.</p> <p>Педагогиканың ғылым болып қалыптасуында негізгі педагогикалық үш фундаменталдық категориялар анықталды: тәрбиелеу, оқыту, білім беру.</p>	<p>2</p>

	<p>Тәрбиелеу тарихи категория ретінде оқыту мен білім беруді өзіне енгізді. Қазіргі заманғы ғылымда тәрбиелеу ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан тарихи және мәдени тәжірибені беруші болып табылады.</p> <p><b>Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Педагогикалық үш фундаменталдық категориялар</li> <li>2. Педагогикалық ғылымның жүйесі</li> </ol> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Берілген әдістеме көмегі арқылы жасалған көрсеткіштер нәтижелерінің адам тәжірибесіне, оның нақты тәртібіне сөйкестігі:       <ol style="list-style-type: none"> <li>а) қажеттілік;</li> <li>б) нысандылық;</li> <li>в) сенімділік;</li> <li>г) анықтық.</li> </ol> </li> <li>2. Педагогикалық тәжірибеге қатысушы адам:       <ol style="list-style-type: none"> <li>а) тұлға;</li> <li>б) респондент;</li> <li>в) зерттеуші;</li> <li>г) клиент.</li> </ol> </li> <li>3. Түрлі мәтіндерді, олардың мазмұны бойынша осы мәтіндер авторы психологиясы немесе мәтінде айтылатын адамдар жөніндегі білудің психологиялық әдісі:       <ol style="list-style-type: none"> <li>а) контент талдау;</li> <li>б) түзетпелі талдау;</li> <li>в) деректі талдау;</li> <li>г) тестілеу.</li> </ol> </li> </ol>	
<p>№ 4 дәріс</p>	<p><b>Педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық амалдары.</b></p> <p><b>Қарастырылатын сұрақтар (дәріс жоспары):</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Әдіснамалық амалдар» ұғымының мәні.</li> <li>2. Әдіснаманың әрекеттік, жүйелілік, кешенділік.</li> <li>3. Тұлғалық, әрекеттік амалдары.</li> </ol> <p><b>Дәрістің қысқаша мазмұны:</b></p> <p><b>Әдіснама</b> (грек., methodos) - зерттеу жолы, теория, ілім дегенді білдіреді де төмендегідей 2 мағынаны береді: ғылыми таным әдісі; зерттеліп отырған объект жөніндегі мәліметтерді және ғылыми жаңалықтарды бірізге келтіру. Зерттеу жұмысының бағытына лайықты жағдай жасап, педагогикалық болмысты танудың кешенді құралдарын айқындау.</p> <p>Педагогика теориясына лайықты танымның ұстанымы, әдісі, нысаны мен таным амалдары арқылы педагогикалық шындыққа жету тәсілдерін қолдану; педагогикалық болмысқа өзгерістер енгізу.</p> <p>Демек зерттеудің нәтижеге жетуі оның ғылыми құралдарды дұрыс анықтап алып, әдіснама қорынан түрлі тәсілдерді таңдай білуімен тікелей байланысты</p> <p>«Әдіс» термині тікелей нақты бір нәрсеге деген жол ретінде анықталады, яғни әдіснама мағынасы жағынан бір нәрсені тану туралы ғылым болады. Сондықтан әдіснама зерттеу процесі туралы ілім ретінде де түсіндіріледі. Бұл ілім жалпы әдіснама, ғылыми ұғымының, теориялық негізі, ретінде дамуы мүмкін. Сонда бұл нақтылы философиялық жүйемен байланысты. Ғылыми әдіснаманы жетілдірудің бастамасын және негізін Гегель салды, ол өз назарын бірінші болып философиялық әдістің ерекшелік сипатына, оның нақтылы ғылымдар әдістерінен айырмашылығына және әдіснаманың олармен үйлесімсіздігі назар аударды. Гегель әдіс дегеніміз мазмұнның қозғалысы, құбылыстың мәнін ашып көрсету және оның мазмұнынан тыс жасалмайтындығын баса көрсетті.</p> <p>Педагогикалық зерттеу жұмыстарында әдіснаманың мәдениеттанымдық, аксиологиялық, гуманистік, синергетикалық, акмеологиялық амалдарын</p>	<p>2</p>

басшылыққа алу арқылы мәселенің теориялық тұғыры айқындалады.  
"Мәдениет" ұғымының астарлары. Мәдениет - адамның әрекетінің сапалық жағдайы; Мәдениет - адамның рухани-адамгершілік дамуының маңызды факторы; Адамның өз шығармашылық әлеуетін ашып, өзін-өзі іске қосуы;

Мәдениет - қауымның өмір сүру үлгілері (дәстүрлері, салттары, мінез-құлық ерекшеліктері).

«Мәдениет» ұғымы латын тілінен аударғанда «жерді өңдеу, күту, баптау» дегенді білдірсе, өз кезінде Рим философы Цицерон бұл терминді «жанды жетілдіру» мағынасында қолдана отырып, жан-жүйені өңдеу де жерді өңдеу сияқты таза, құнды өнім береді деген ой қалдырған. Адам қандай еңбекпен айналысынасын үнемі әрекеттің «сыртқы» нәтижелерімен қатар «ішкі» нәтижелері де, яғни адамның өзінің өзгеруі, оның қабілеттерінің, білік, дағдыларының дамуы орын алады. Зат, дүние-мүліктер әлемін жасау барысында ол өзінің ішкі мүмкіндіктерін де жетілдіреді.

**Синергетика** немесе өзін-өзі дамыту теориясы педагогика үшін эвристикалық мәні бар өзін-өзі дамытудың әмбебап үлгілерін іздеуге бағытталған күрделі жүйе. Синергетика өзін-өзі ұйымдастыратын үрдістердің жүзеге асуының нақты тәсілдеріне көңіл бөледі, үрдістің интерсубъектілік коммуникативті ұйымдастырылуын тірек етеді. Сондықтай да оның грек тілінен аудармасы «синергейя» - бірлесіп әрекеттесу, ынтымақтасу дегенді білдіреді.

**Акмеологиялық амал.** Кәсіби шеберліктің шыңына шығу туралы ғылымның «акмеология» деген атауы грек тілінен аударғанда «шың», «биіктік» деген мағынаны береді. Акмеологияда адам өзін-өзі дамыту мен шығармашылыққа қабілетті, өзінің өмірі мен кәсіби әрекетін ұйымдастыра алатын өз әрекетінің субъектісі ретінде танылады.

Адамның индивид ретіндегі прогрессивті дамуындағы шығар «шыңы»; тұлға ретіндегі дамуындағы жетістіктері; еңбектегі жоғарғы жетістіктері (тұлғаның әрекет субъектісі ретіндегі дамуымен байланысты); адамның даралық дамуындағы жетістіктерінің шыңы. Әр адамда бұл бағыттардың байқалуы әрқалай болады. Олар бір-бірімен тығыз байланыса отырып, олардың түйісулері нәтижесінде адамның әрекеттің «жоғарғы баспалдағында» болуы орын алады.

**Аксиологиялық амал** (құндылықтар) Философияда құндылық деп адам және қоғам үшін мәні бар айналаны қоршаған өмірдің әлеуметтік объектілер, қоғамдық өмір мен табиғат адам тіршілігіне қатысуы танылады. Әлемдегі бар нәрсенің барлығы құндылық қарым-қатынастардың объектісі бола алады Гуманистік амал. Гуманизм (ізгілік) - дүниетанымдық амал болғандықтан, оның негізінде адамның" мүмкіншілігінің шексіздігін, өзін-өзі дамыту қабілеттілігіне деген сенімі мен ерік бостандығын, абыройын қорғау, адамның бақытқа жету жолындағы құқығы мен оның барлық сұраныстарын қамтамасыз етуді мақсат етеді.

**Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар**

**1. Синергетика ұғымы нені білдіреді?**

**2. Акмеологиялық амал деген не?**

**3. Аксиологиялық амал**

1. Түзету коэффициентін анықтау және оқумен байланысты математикалық-статистикалық әдіс:

а) түзетпелі талдау;

б) деректі талдау;

в) контент-талдау;

г) сыртқы сараптау, бағалау әдісі.

2. Білім алу заңдылықтарының мазмұнын механизмін, құрылымын, принципі мен технологиясын жаңа білім жаңалықтарын ашуға, қолдануға бағытталған

	<p>процесс және ғылыми жұмыстардың нәтижесі:</p> <p>а) қолданбалы;  б) бақылау;  в) педагогикалық зерттеу;  г) ғылыми талдамалар.</p> <p>3. Педагогика нәтижесі жөніндегі теориялық, тәжірибелік жетістіктерді қорытындылайтын және болжамдық негіздегі педагогикалық жүйенің даму модельдерін ұсынатын жинақталған тұжырымдамалар:</p> <p>а) қолданбалы;  б) іргелі;  в) талдамалар;  г) психологиялық-педагогикалы</p>	
<p>№ 5 дәріс</p>	<p><b>Зерттеу кезеңдері мен деңгейлері.</b>  <b>Қарастырылатын сұрақтар (дәріс жоспары):</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Зерттеу жұмысының бағдарламасы.</li> <li>2. Ғылыми зерттеудің деңгейлері мен кезеңдері.</li> <li>3. Іргелі (фундаментальды) зерттеу.</li> <li>4. Қолданбалы зерттеулер. Іргелі және қолданбалы зерттеулердің өзара қарым-қатынасы.</li> <li>5. Зерттеу кезеңдері.</li> </ol> <p><b>Дәрістің қысқаша мазмұны:</b></p> <p>Педагогика саласындағы зерттеулер - бұл білім заңдылықтары, оның құрылымы мен механизмдері, мазмұны, принциптері мен технологиясы жөніндегі жаңа мәліметтерді алуға бағытталған ғылыми ізденіс процесі және оның нәтижесі. Педагогикалық зерттеулердің міндеті-деректер мен құбылыстарды түсіндіру және оларды алдын ала болжастыру.</p> <p>Бағытталу тұрғысынан педагогикалық зерттеулер іргелі (фундаментальды), қолданбалы және болжам- жобалау (разработки) деңгейіндегі болып үш топқа бөлінеді. Іргелі зерттеулер нәтижесінде педагогиканың теориялық және практикалық жетістіктерін қорытушы жалпы тұжырымдамалар алынады немесе болжам жобалаумен педагогикалық жүйелерді дамытудың моделдері ұсынылады. Қолданбалы зерттеулер - бұл педагогикалық процестің кейбір тараптарын тереңдей тануға, алуан қырлы педагогикалық қызметтің заңдылықтарын ашуға бағдарланған істер.</p> <p>Ғылыми - педагогикалық зерттеу – оқыту, тәрбиелеу және дамытудың объективтік заңдылықтарын ашуға бағытталған жаңа педагогикалық білімдерді қалыптастыратын барыс, танымдық іс - әрекет түрі. Педагогикалық зерттеулердің үш деңгейін ажыратады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• эмпирикалық - педагогика ғылымында жаңа деректер анықталады;</li> <li>• теориялық - ертерек ашылған деректерді түсіндіруге және оралдың болашақ дамуын алдын ала айтуға мүмкіндік беретін педагогиканың негізгі жалпы заңдылықтары алға қойылады және тұжырымдалады.</li> <li>• әдіснамалық - эмпирикалық және теориялық зерттеулердің негізінде педагогикалық құбылыстарды зерттеудің, теорияларды құрудың жалпы принципі және әдістері тұжырымдалады.</li> </ul> <p>Логика - адамның ойлауының қызмет етуінің заңдары мен түрлері жайлы ғылым. Ол формальды және диалектикалық болып екіге бөлінеді. Формальды логика ойлаудың құрамын, яғни таным барысында ақиқат нәтижелелерді қамтамасыз ететін дұрыс пікірдің заңдары мен түрлерін зерттейді.</p> <p>Диалектикалық логика таным барысының абстрактылы ойлау сатысында диалектиканы пайдалану болып табылады. Бұл ғылыми ойлаудың ұғымдық құрылымына ерекше зер сапа қарайды. Ойлаудың түсінік, пікір, ой, қорытындысы сияқты түрлерінің шекараларын бөліп көрсетеді. Бұл бір ғылымның - екі саласы бірін-бірі толықтыра отырып, таным іс - әрекеттерінің</p>	<p>2</p>

	<p>жалпы ғылымдық тәсілдері мен әдістерін бөліп алады.</p> <p><b>Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Логика - адамның ойлауының қызмет етуінің заңдары мен түрлері жайлы ғылым.</li> <li>2. Ойлаудың түрлері       <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Дамудың қозғаушы күші:           <ol style="list-style-type: none"> <li>а) қарама-қайшылық;</li> <li>б) зерттеу нысаны;</li> <li>в) зерттеу пәні;</li> <li>г) зерттеу көздері.</li> </ol> </li> <li>2. Зерттеудің тұжырымды негізгі немесе айқын ұстанымы:           <ol style="list-style-type: none"> <li>а) зерттеу көздері;</li> <li>б) жетекші идея;</li> <li>в) қарама-қайшылық;</li> <li>г) болжам.</li> </ol> </li> <li>3. Алғашқы алынған нәтижелер, бұрын басқалар зерттемеген және қабылдамаған:           <ol style="list-style-type: none"> <li>а) ғылыми жаңалық;</li> <li>б) нысаналы және тәжірибеде қолдану қолайлылығы;</li> <li>в) зерттеу әдістері;</li> <li>г) зерттеу процедурасы.</li> </ol> </li> <li>23. Әр түрлі ғылыми-зерттеудің қорытынды кезеңі:           <ol style="list-style-type: none"> <li>а) зерттеу нәтижелерін іс-тәжірибеге енгізу және апробациялау;</li> <li>б) жетекші идея;</li> <li>в) теориялық негіздер;</li> <li>г) қорытындылар мен ұсыныстар.</li> </ol> </li> </ol> </li> </ol>	
<p>№ 6 Дәріс</p>	<p><b>Зерттеудің ғылыми аппараты</b></p> <p><b>Қарастырылатын сұрақтар (дәріс жоспары):</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Зерттеудің көкейтестілігі және оны негіздеу.</li> <li>2. Мәселенің зерттелуі жайы мен қарама-қайшылықтар.</li> </ol> <p><b>Дәрістің қысқаша мазмұны:</b></p> <p>Қалаған педагогикалық зерттеу көпшілік қабылдаған әдіснамалық тиектерге орай жүргізіледі. Педагогикада олардың қатарына - зерттелуге тиіс проблема, тақырып, нысан және оның дені (предмет), мақсат, міндеттер мен болжамдар, қорғалуы тиіс идеялар кіреді. Педагогикалық зерттеулер сапасын танытушы негізгі көрсеткіштер: зерттеу көкейкестілігі, жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы.</p> <p>Зерттеу бағдарламасы, әдетте, екі бөлімнен тұрады: әдіснамалық және іс-әрекеттік (орындау-процедуралық). Алғы бөлімде тақырып көкейкестілігі негізделеді, проблема нақтыланады, зерттеу нысаны мен дені, мақсаты мен міндеттері айқындалады, негізгі ұғымдары белгіленеді, зерттеу нысаны бастапқы жүйелі талдауға салынып, қызметтік болжам жасалады. Ал екіншіде - зерттеудің стратегиялық жоспары түзіледі, сонымен бірге деректерді жинақтау мен оларды іріктеудің реті және негізгі шаралары жасалады.</p> <p>Зерттеу көкейкестілігін негіздеудің мәні – оқу мен тәрбиенің теориясы және практикасын бұдан былай да дамыту үшін тиісті проблемалардың қажеттігін, дер кезінде зерттеліп, шешімін табуының маңыздылығын түсіндіру. Көкейкесті зерттеулер белгілі кезектегі аса күрделі де қажет мәселелердің жауабын береді, педагогикалық ғылымға қойылатын қоғамның әлеуметтік тапсырысын бейнелейді, практикада орын алған келелі қайшылықтарды ашады. Көкейкестілік тиегі өзгермелі, қозғалысты, уақыт пен нақты әрі ерекше жағдайларға тәуелді. Жалпыланған күйде көкейкестілік ғылыми идеялар мен практикалық ұсыныстарға болатын сұраныс (қандай да</p>	<p>2</p>

	<p>қажеттілікті қамтамасыз ету үшін) пен дер кезіндегі ғылым мен практиканың мүмкіндігі арасындағы айырмашылық деңгейін сипаттайды.</p> <p>Зерттеу тақырыбы шешімі қалтқысыз табылуы қажет, өте күрделі де қоғамдық маңызға ие болған проблемалармен ұштасқан әлеуметтік тапсырыс нақты тақырыптық негіздеме дәйегін талап етеді. Ал бұл, өз кезегінде, қойылған мәселенің ғылым аймағында зерттелу дәрежесінен туындайды. Егер әлеуметтік тапсырыс педагогикалық практиканы талдаудың нәтижесінде ұсынылатын болса, ғылыми проблеманың өз негізі басқаша. Оның міндеті ғылым құрал-жабдықтарын пайдалана отырып, негізгі қарама-қарсылықтарды баяндап беру. Әдетте, проблема шешімі зерттеу мақсатын құрайды. Мақсат - қайта түзіліп, өрнектелетін проблема.</p> <p><b>Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Зерттеу проблемасы.</li> <li>2. Зерттеудің тақырыбы мақсаты, міндеттері.</li> </ol> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәселелік жағдаятты туғызатын үдеріс немесе құбылыс:       <ol style="list-style-type: none"> <li>а) зерттеу нысаны;</li> <li>б) жетекші идея;</li> <li>в) зерттеу пәні (заты).</li> </ol> </li> <li>2. Ғылыми және арнаулы әдебиеттер, мұрағат құжаттары іс-әрекет қорытындысы:       <ol style="list-style-type: none"> <li>а) зерттеу көздері;</li> <li>б) жетекші идея;</li> <li>в) теориялық негіздері;</li> <li>г) методологиялық негіздері.</li> </ol> </li> <li>3. Жобалау механизмі базасындағы адам туралы ақпарат алуға негізделген психологиялық тесттер:       <ol style="list-style-type: none"> <li>а) процессуалдық;</li> <li>б) жеке тұлғалық;</li> <li>в) жобалаулық;</li> <li>г) графикалық.</li> </ol> </li> <li>4. Кез келген қызмет түріндегі адамның тәжірибелік жетіктігін бағалау негізін құрайтын психологиялық тесттер тобы:       <ol style="list-style-type: none"> <li>а) интеллектуалды;</li> <li>б) жетістік;</li> <li>г) процессуалды.</li> </ol> </li> </ol>	
<p>№ 7 Дәріс</p>	<p><b>Зерттеу элементтері</b>  <b>Қарастырылатын сұрақтар (дәріс жоспары):</b>          Зерттеу жұмысының нысаны.          Зерттеудің пәні.  <b>Дәрістің қысқаша мазмұны:</b>          Проблема нақтыланып, өрнектелгеннен соң, зерттеу нысанын таңдау кезегі келеді. Нысанға педагогикалық процесс, педагогикалық болмыстың бір саласы немесе қайшылықтарымен жүз берген қандай да педагогикалық қатынас алынуы мүмкін. Басқаша айтсақ, өз ішінде нақты не әлі де күмәнді қайшылықтарды камтып, проблемдік ситуацияларды туындатқан жағдайлардың баршасы нысан есептелінеді. Танымдық процесс бағытталғанның бірі- нысан.</p> <p><b>Зерттеу пәні (предмет)</b> - нысан бөлшегі, бір тарапты, яғни бұл түбегейлі зерттеуді қажет еткен нысанның теориялық не практикалық тұрғыдан өте маңызды сапа-қасиеттері, қырлары мен сырлары. Зерттеу мақсаты, объекті және деніне сәйкес, әдетте, болжамды (гипотезаны) тексеру мен дәйектеуге арналған зерттеу міндеттері белгіленеді.</p> <p><b>Гипотеза</b> - бұл шынайылығы әлі дәлелденуі қажет теориялық негізі бар болжамдар жиынтығы.</p>	<p>2</p>

	<p>Қорғауға ұсынылатын қағидалар зерттеу жұмысы барысында алынған теориялық және практикалық нәтижелердің ғылыми түрде қағида түрінде тұжырымдалуы немесе не қорғалатындығы жөніндегі жалпы қорытындылардың сипаттамасы болып табылады.</p> <p><b>Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар</b></p> <p>Зерттеудің ғылыми болжамы.</p> <p>Қорғауға ұсынылатын қағидалар.</p> <p>Суреттер, сызбалар, пішіндер негізін құрайтын тесттер:</p> <p>а) ақпараттық;  б) графикалық;  в) құжаттық;  г) сөздік.</p> <p>29. Адам мінез-құлқының анық сандық бағалануы мен қатаң сапалық анықталуына арнаған педагогикалық зерттеулердің стандартты түрдегі әдісі:</p> <p>а) сызбалау;  б) деректі талдау;  в) тест;  г) сауал.</p> <p>30. Адам психологиясын зерттеуде қолданылатын тесттер мен басқа да психикалық-диагностикалық әдістер үдерісі мен нәтижесі:</p> <p>а) сауалнама;  б) тестілеу;  в) сызбалау;  г) болжамдау.</p>	
<p>№ 8 дәріс</p>	<p><b>Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері</b>  <b>Қарастырылатын сұрақтар (дәріс жоспары):</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Зерттеу әдістеріне жалпы сипаттама.</li> <li>2. Зерттеудің теориялық әдістері: талдау, жинақтау, индукция және дедукция, жалпылау.</li> </ol> <p><b>Дәрістің қысқаша мазмұны:</b></p> <p>Ғылыми педагогикалық зерттеу әдістерінде әрбір ғалым өзінің дербес әдіснамасын, зерттеу әдістерін жасайды. Педагогиканың да өзіне тән ғылыми-зерттеу әдістері бар. Бұл әдістерді зерттеуші әрбір педагогикалық құбылыстың ерекшеліктеріне сәйкес қолданады. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері тек қана ғалымдардың төл ісі болмай, барлық мұғалімдердің де игілігіне айналуы қажет. Мұғалім өз жұмысында зерттеу әдістерін ғылыми негізінде меңгеріп, социология және психология ғалымдарының әдістерімен ұштастырып жүргізе білгенде ғана өзінің және басқа мұғалімдердің тәжірибелерін жан-жақты зерттей алатын болады. Әрбір ғылым өзінің дербес әдіснамасын, зерттеу әдістерін жасайды. Педагогиканың да өзіне тән ғылыми зерттеу әдістері бар. Бұл әдістерді зерттеуші әрбір педагогикалық құбылыстың ерекшеліктеріне сәйкес қолданады.</p> <p>Тәрбие мен оқытудың нәтижесі тек ғана мұғалімнің тиімді әдістерді қолдана білуі мен педагогикалық шеберлігіне байланысты емес, ол оқушылардың қабілеттілігіне, жан-жақты дамуына және осы сияқты толып жатқан факторларға байланысты. Басқа дәл ғылымдарға (физика, математика, химия) қарағанда педагогикалық құбылыстарды зерттеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы: дәл ғылымдар бойынша экспериментті қайталап жүргізуге болады. Егер бұрынғы жағдай ескеріліп, сол кезеңдегі материалдар пайдаланылса экспериментті қайталап жүргізу тиімді нәтиже бермейді. Себебі, ғылыми педагогикалық зерттеудің объектісі - баланы тәрбиелеу. Сондықтан педагогикалық процесте және кейбір сыртқы факторлар (даму барысында оқушыларда пайда болатын өзгерістер, әлеуметтік және микроортада кездесетін түрлі жағдайлар және т.б) әсер етеді.</p> <p>Міне, осы тұрғыдан қарағанда ғылыми педагогикалық зерттеу әдістері баланың денсаулығына зиян келтірмейтіндей және оқу-тәрбие процесін жетілдіру бағытында қолданылуы қажет.</p> <p>Әдістердің тұтастай бір бірлігін қолданудан назарға алынған проблема жан-</p>	<p>2</p>



жақты айқындалады, оның барша қырлары мен шектері түгелдей зерттеуден өтеді. Ғылыми педагогикалық зерттеу әдістерінің ерекшелігі - бұл педагогикалық құбылыстарды зерттеу, олар жөніндегі ғылыми ақпараттарды жинақтап, заңдылықты байланыстар қатынастарды анықтау, оның нәтижесінде ғылыми теория қалыптастыру мақсатымен жүргізілетін іс-әрекет жолдары мен тәсілдерінің өзі. Әдістер көп түрлі де сан килы, бірақ жүйелестіре келгенде, бұлардың бәрі үш топқа ажыратылады:

- 1) Педагогикалық тәжірибені зерттеу әдістері;
- 2) Теориялық зерттеу әдістері;
- 3) Математикалық әдістер.

**Педагогикалық тәжірибені зерттеу әдістері** - білім беру процесін ұйымдастырудың көз алдымызда қалыптасқан тәжірибесін зерттеудің жолдары. Зерттеуге озат тәжірибе, яғни танымал мұғалімдер мен қатардағы тәлімгерлер қызметтері бірдей алынады. Олардың жұмыстарында кезігетін қиындықтар педагогикалық процесс қайшылықтарымен, пайда болған не енді туындауы мүмкін проблемалармен байланысты келеді. Педагогикалық тәжірибені зерттеу барысында келесідей әдістер қолданылады: бақылау, әңгімелеу, интервью, анкеттеу, оқушылардың жазба, графикалық және шығарма жұмыстарын көзден откеру, педагогикалық құжаттармен танысу.

**Бақылау әдісі** — зерттеу барысында нақты дерек материал жинақтау мақсатымен қандай да педагогикалық құбылыстың назарға алынуы. Бақыланған құбылыстар міндетті түрде хатталады. Бақылау нақты нысанамен жете танысуға орай алдын ала белгіленген жоспар бойынша жүргізіледі. Бақылау жұмысы келесі кезендерге бөлінеді:

- 1) міндеттері мен мақсаттарын айқындау;
- 2) бақыланатын объект, оның элементтерін және ситуацияларын тандастыру;
- 3) бақылау және оның барысында ақпарат топтастыруға оңтайлы әрі тиімді тәсілдерді іріктеу;
- 4) байқалғандарды хатқа түсіру формасын ойластыру;
- 5) жинақталған ақпараттарды өңдеу және дәйектеу.

**Бақылау түрлері:**

**Араласа бақылау**- ізденуші зерттеу жүргізіп жатқан топтың мүшесі ретінде қатысады; Сырттай бақылау - зерттеуші ізденіс жұмыстарына тікелей араласпайды; Ашық және жасырын бақылау; Тұтастай және тандамалы бақылау.

**Бақылау** - орындалуы тұрғысынан ең оңай әдіс, бірақ өзіндік кемшілігі де жоқ емес: көп жағдайларда бақылау барысындағы не соңғы нәтижеге зерттеушінің тұлғалық-әлеуметтік жеке дара бітістері (көзқарасы, мүддесі, жан толғанысы) ықпал жасап, оның қандай да шынайылықтан ауытқуына себепші болуы мүмкін.

**Сұхбат әдісі** - қажетті ақпаратты алу немесе бақылау барысында түсініксіздеу болған құбылыстың мәнін аша түсу мақсатымен дербес немесе қосымша қолданылатын зерттеу тәсілі. Сұхбат айқындалуы тиіс нақты сұрақтар бойынша күні ілгері түзілген жоспармен орындалады. Сұхбаттасудың екінші бір түрі педагогикаға әлеуметтану саласынан енген - интервью алу. Бұл әдісте сұрақтар алдын ала түзіліп, бірізділікпен қойылып барады. Интервью жауаптары анық жазылып, хатталады.

**Анкеталау** - ауқымды материал жинақтау үшін қолданылады. Сұрақ-жауаптары жазба күйінде қабылданады. Сұхбаттасу мен интервью алу бетпе-бет әңгімелесумен жүргізіледі, ал анкеттеу - сырттай орындалады. Аталған әдістердің нәтижелі болуы қойылатын сұрақтардың мазмұны мен құрылымына тәуелді. Сауалнама түзуде ескерілетін жәйттер:

- 1) алынатын ақпараттың сипатын анықтап алған жөн;
- 2) қойылатын сұрақтың бірнеше баламалы өрнегі болғаны қажет;
- 3) сауалнаманың бірнеше жоспары түзіліп, ол алғашқы тексеруден өткізілуі тиіс;
- 4) сауалнама кемшіліктері түзетіліп, пайдалануға ақырғы редакциясының ұсынылуы дұрыс. Құнды материал оқушылардың шығармашылық туындыларын зерттеу әдісімен де алынады. Олар: шәкірттер орындаған жазба, графикалық, шығармашылық және бақылау жұмыстары; балалардың суреттері, сызылмалары, жасалған қосалқы бөлшектер, кейбір пән дәптерлері. Мұндай жұмыстар оқушылардың даралық қабілеттерінен дерек береді, олардың қандай да бір саладағы ептілік және дағды жетістіктерінің деңгейін көрсетеді. Мектеп құжаттарымен

	<p>танысу әдісін қолдана отырып, оқушының жеке ісі, дәрігерлік карта, күнделік, жиналыс не отырыс хаттамалары және сол секілді мектеп хат-қағаздарымен танысу арқылы зерттеуші оқу-тәрбие, білім игеру процесін ұйымдастыру практикасында нақты қалыптасқан объектив жағдайлар жүніндегі ақпараттармен қаруланады. Ғылыми педагогикалық зерттеудің қандай да бір әдіс не тәсілінің педагогикалық тиімділігін анықтау үшін арнайы ұйымдастырылған тексеру түрі - эксперимент ерекше маңызды.</p> <p><b>Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар</b></p> <p>Зерттеудің эмпирикалық әдістері: бақылау, әңгімелесу, сұхбаттасу, сауалнама, модельдеу, тестік әдістер.</p> <p>Педагогикалық озат тәжірибені, мектеп және оқушылардың жұмыс құжаттарын зерттеу.</p> <p>Адамның жеке тұлға ретіндегі тұрақты жағдайы мен қасиеттерін диагностикалауға арналған психологиялық тесттер:</p> <p>а) жетістік тесттері;</p> <p>б) креатив тесттері;</p> <p>в) интеллект тесттері;</p> <p>г) жағдайы мен қасиеті тесттері.</p> <p>32. Арнайы ұйымдастырылған, жасанды жағдайларда өткізілетін әдіс:</p> <p>а) зертханалық тәжірибе;</p> <p>б) табиғи тәжірибе;</p> <p>в) бақылау;</p> <p>г) тестілеу.</p> <p>33. Бақылау әдісі жорамалдайды:</p> <p>а) адам психикасының жеке ерекшеліктерімен, оның мінез-құлқын зерттеу арқылы танысу;</p> <p>б) өзінде кездесетін кейбір қатты жиналыстардың ағымын суреттеу;</p> <p>в) жеке бір тұлғаны сырттай зерттеу;</p> <p>г) адам бойындағы мінез-құлқы мен сырт келбетіндегі ұқсастықтарды салыстыру.</p>	
<p>№ 9 дәріс</p>	<p><b>Эмпирикалық зерттеу әдістері</b></p> <p><b>Қарастырылатын сұрақтар (дәріс жоспары):</b></p> <p>Педагогикада зерттеудің үш деңгейі бар: эмпирикалық, теориялық, әдіснамалық.</p> <p>1. Бақылап-зерттеу-заттар мен құбылыстарды мақсатты зерттеу, мағлұматтарды іріктеп жинақтау, көзбен көргенді сезім мүшелерімен қабылдау және санада бұл ақпаратқа талдау жасау; зерттеу объектісінің сыртқы жақтары, қасиеттері мен белгілері туралы мәлімет алу. Бақылап-зерттегенде, ең алдымен, бақылаушының өзі, зерттеу объектісі, бақылап-зерттеу- шарттары, сондай-ақ бақылап- зерттеу құралдары – видеоаспаптар, аспап- құралдар мен өлшеу құрал- саймандары. тікелей бақылап - зерттеу, мұғалім- зерттеуші оқу- тәрбие жұмысының тікелей басшысы; сонымен қатар ол тікелей куәгер бола тұра бейтарап адам, мұғалім зерттеу мүшесі ретінде зерттеушілер тобына кіргізілуі. Оның роліне байланысты эмпирикалық фактілерді жинақтаудың техникасы мен әдісі таңдалып алынады; жанама бақылап-зерттеу, ол тікелей бақылап-зерттеуді толықтырады және ол зерттеушімен бірге және оның бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін өкілдер арқылы жүзеге асады.</p> <p>Жасырын немесе елеусіз бақылап-зерттеу тұйық теледидар желісі және сынып бөлмелерінде телекамералары бар мектептерде жүргізіледі. Сабақты жасырын бақылап-зерттеу оқушылардың танымдық іс-әрекетінің және мұғаліммен ара қатынасы туралы мәлімет алуға мүмкіндік береді. Жасырын бақылап- зерттеу зерттеушісі құнды мәліметтер береді, егер оқушылар өздерін басқаша ұстайды. Оқушылар мен мұғалімдердің бір - бірімен оңаша кезіндегі мінез - құлқынан оларды бөтен біреулер бақылап отырған кездегі мінез-құлқынан әлдеқайда өзгеше болады; – үздіксіз бақылап-зерттеу оқыту процесін, екі- үш оқушыны сабақтағы, ойындағы, сыныптан тыс, мектептен тыс-оқу- тәрбие процесі физикалық қолайлы уақыттағы мінез-құлқын зерттеу үшін қолданады;</p> <p>– дискретті (үзік- үзік) бақылап-зерттеу объектіні ұзақ уақыт бақылайтын кезде қолданады. Бақылап - зерттеу ұзақ уақытқа созылуы мүмкін- жарты жыл немесе бір жыл. Бақылап- зерттеу белгілі бір уақытта үзіліп, кейін қайтадан</p>	<p>2</p>

жалғастырылады;

- монографиялық бақылап-зерттеу бір адамды немесе бір затты бақылау кезінде қолданады;
- бір бағытты бақылап - зерттеу жалпы тұтастықпен бақылап- зерттеу мақсатына сай бір құбылысты немесе деректі бақылау кезінде қолданады.

2. Педагогикалық эксперимент танымның эмпирикалық деңгейіндегі зерттеудің негізгі әдісі болып табылады, ол құбылыстарды олардың өту барысының нақты тіркелген жағдайларында, зерттеуге бағытталған. Эксперимент жағдайларында құбылыстың күнделікті жағдайларда бақылып- зерттеуге болмайтын қасиеттерін ашуға болады.

Эксперимент ғылыми зерттеудің теориялық және эмпирикалық деңгейлері арасындағы байланыстырушы буын болып табылады. Оның мақсаты ғылыми теория мен болжамды растау немесе жоққа шығару, сондай-ақ эмпирикалық заңдылықтардың фактуалды мәніне жету мен қалыптастыру. Эксперименттің тағы бір мақсаты білімді жетілдіру, оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту тәжірибесін жаңарту.

Эксперимент пен практикалық іс-әрекеттің басқа формалары арасындағы шектеулер әр түрлі, сондықтан эксперименттаным әдісі де, оқу- тәрбие процесін үйлестіру әдісі де бола алады.

Педагогикада эксперименттің бірнеше түрі бар: қалыпты, оқыту мен тәрбиенің күнделікті жағдайларында жүзеге асады; лабораториялық, оқушылардың белгілі бір топтарын бөлу арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ эксперименттің белгілен- анықтайтын түрі бар, ол зерттеу объектісінің педагогикалық жүйесінің бастапқы күйін белгілеп, көрсетеді; қалыптастыратын түрі - зерттеу объектісінің байта құруға бағытталған.

Сұрақ-жауап әдістері. Олардың ерекшелігі педагогикалық жағдайлардың элементтерінің объективті қасиеттерімен қоса өзара байланысты ”субъект-субъект” жүйесінің қасиеттері танылып, есепке алынады. Эмпирикалық зерттеу тәртіптерінің құрастыру кезінде субъектілердің өз іс-әрекетінің жағдайын оның сол іс-әрекет туралы түсінігі ретінде қабылдайтынына сүйену керек.

Сұрақ-жауап әдісінің мынандай түрлері бар:

А) Әңгіме- сұхбат. Бұл ұйымдастырылуы мен мазмұны жағынан еркін диалог, оның кезінде әңгімелесушілер арасында бейресми және еркін қатынастар орын алады. Әңгіме-сұхбаттар әңгімелесушілердің әртүрлі шеңберлерінде жүргізіледі (мектеп директоры, оның орынбасарлары, ата - аналар, оқушылар, білім берудің әртүрлі деңгейдегі басшылары). Олардың білім беру саласының жағдай мен ондағы өзгерістерге кәсіби баға беруі басқа әдістер арқылы ақпараттарға маңызды қосымша болып табылады.

Сұхбат-әңгіме-сұхбаттың бір түрі. Әңгіме-сұхбаттың бұл түрі зерттеу объектісінің өз іс-әрекеті туралы өзінің түсінігінің динамикасын белгілеуге көмектеседі, ол өзіндік пікірмен қоса психологиялық - педагогикалық анализдің тақырыбы болып табылады. Сұхбат зерттеушінің жоғары кәсібилігін және тәжірибесін қажет тееді. Сұхбаттың мақсаты - зерттеу объектісінің педагогикалық жағдайға деген алынғандардың міндеттері мен мәселелері арқылы ішкі және сыртқы байланыстарының ерекшеліктерін зерттеу. Зерттеуші күрделі кәсіби - педагогикалық іс-әрекеттің жалпы заңдылықтарын түсіну сұрақ - жауап объектісімен терең қарым - қатынас жасай отырып, оның жекелік- мотивтік, когнитивтік және операциялды компоненттерін түсіну арқылы ғана мүмкін екенін ескеру қажет. Көптеген мамандарға сұрақ - жауап жүргізу арқылы тенденциялар мен құбылыстар дамуының заңдылықтарын қорытындылап түсіну мен анықтау мүмкіндігі туындайды.

Хаттамаларда тіркелген мәліметтерге сапалық және сандық тұрғыдан талдау жасау қажет. Талдау барысында сұрақ - жауап алынған адамның іс- әрекеті объектісінің шынайы сипаттамасын, жұмысындағы білім беру міндеттерін шешуде пайда болған қиындықтарды, оларды жеңудің тәсілдерін анықтау қажет. Сұхбат нәтижелерінің талдауы мен олардың түсіндірмесі зерттеудің нақты міндеттеріне байланысты әр түрлі жүргізілуі мүмкін.

Анкета. Бұл арнайы іріктелген танымдық сұрақтар мен олардың мүмкін деген жауаптарының варианттарының каталогикалық құрылысы. Анкета құрастырушы ұсынған алдын - ала белгіленген бірнеше мүмкін деген жауаптары бар жабық сұрақтардан тұрады. Егер анкетадағы сұрақтардың жауаптары болмаса, онда ол

	<p>ашық сұрақтар деп аталады. Жабық сұрақтарға қарағанда ашық сұрақтарға статистикалық талдау жасау қиынырақ</p> <p><b>Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сұрақ-жауап әдісі</li> <li>2. Сұхбат-әңгіме-сұхбаттың бір түрі</li> </ol> <p>Ақыл потенциялады мен интеллекті айқындауға арналған тест:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>а) креативтік;</li> <li>б) жетістік;</li> <li>в) интеллект;</li> <li>г) аффилиция.</li> </ol> <p>35. Жағдайлық тест ұйғарады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>а) зерттелушісі зертханалық жағдайға орналастыру;</li> <li>б) зерттелуші нақтылыққа жақын жағдайға орналастыру;</li> <li>в) табиғи жағдайда бақылау;</li> <li>г) респонденттер суреттеріне түсіндірме.</li> </ol> <p>36. Сұраудың кемшіліктері болып табылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>а) жауаптардың көрсеткіштік құндылығынан кейін өзі туралы мәліметтердің бұрмалануы;</li> <li>б) ғылымның түрлі саласы бойынша білімді талап ететін сұрақтардың болуы;</li> <li>в) тұрақты психиканың болуы;</li> <li>г) мәндес емес жауаптар алу мүмкіндігі</li> </ol>	
<p>№ 10 дәріс</p>	<p><b>Ғылыми педагогикалық зерттеудің жүргізілу процесі және қорытынды кезеңі Қарастырылатын сұрақтар (дәріс жоспары):</b></p> <p><b>Дәрістің қысқаша мазмұны:</b></p> <p>Күрделі мәселе шешу мен зерттеу жұмысын жүргізгенде зерттеушінің өзіндік іс- тәжірибесенің мәні мен ғылыми дағдылардың мағынасы зор. Зерттеуші маңызды факторларды бөліп көрсетуде, жағдаятты тұтастай көрсету, қойылған мақсатқа жетуде оңтайлы жол- таңдауда білімді, тәлімді және епті болуы тиіс.</p> <p>Тәжірибе деп адам өз білімін- тәлімін ғана атамайды. Кітап пен журналдарда жазылған ақпаратты, ғылыми конференциялырда естіп көрген мәліметті қорытындылып та тәжірибе жинақтауға болады. Алайда, мүлде бірдей жағдаяттар сирек кездеседі, сол себептен толымсыз мәлімет және жеткіліксіз ақпарат жағдайында шешім қабылдап, іске кірісуге тура келеді.</p> <p>Бұл жағдайда жетіспейтін мәлімет- ақпаратты толықтыру үшін жорамал мен болжамдарды қолданады, өзі не басқалар жинақтаған ғылыми тәжірибе мен ерекше үлгілерді зерттеуде алынған нәтижелерді пайдаланады.</p> <p>Адамзат әрқашанда болашақты білгісі келген, сондықтан ерте кезден болжаудың әр түрлі әдістер туындаған. Олардың кейбіреуі қиялға негізделсе, басқалары ғылыми жетістіктерге сүйеніп шынайы нәтижелер берген, мысалға, математикалық болжау әдістері.</p> <p>Егер бұрын ғылымның негізгі міндеті зерттелетін жүйенің жай - күйін түсіну болса, қазірде ғылымның көкейтесті мәселесі - мақсатқа жеткізген әртүрлі стратегияларды бағалау мүмкіндігі. Зерттейтін объект немесе үрдіс және олардың болашақ тәртіп ерекшеліктері туралы максималды ақпарат мөлшерін алу үшін, ұмтылыс тек қана бір тәсілмен қызықтыратын қасиеттері үлгіде зерттеу жолымен қанағаттандырылады. Үлгі объектіні нақты көрсету тәсілін беріп, оның әртүрлі қасиеттерін жеңіл және қаржының аз шығынымен зерттеуге мүмкіндік береді. Бірақ үлгі барлық қасиеттерді бірден зерттеуге мүмкіндік бере алмайды, оның ішінен зерттеуші өзіне қажеттісін таңдап алады. Сондықтан шын объект зерттелгеннен гөрі жүйе туралы оңай тұжырымдама жасауға және керекті нәтиже алуға жеңіл де тезірек мүмкіндік береді.</p> <p>Ғылыми-зерттеулердегі өнертапқыш міндеттері.</p> <p>Ғылыми жұмыстармен шұғылданған адам жаңа идеяларды ұсына білуге, алдағы тұрған ғылыми міндеттерінің шешімін табуға міндетті.</p> <p>Адамдар әрқашанда жаңа ойлардың, шығармашылықтың қалай туындайтын, атап, айтқанда ғылыми шығармашылықтың қалай өтетінін білгісі келеді. Бұл сұраққа толық жауап беру мүмкін емес, өйткені шығармашылықтың өзі субъективті, әр адамның, тұлғаның қасиеттеріне, оның жеке қабілеттеріне, кездейсоқ</p>	<p>2</p>

	<p>ерекшеліктеріне т. б. байланысты.</p> <p>Бірақ шығармашылықтың кейбір жалпы сәттерін бөліп шығаруға, формалауға және жаңа идеяларды, өнертапқыш шешімдерді, кейбір қорытындыланған әдіс арқылы ұсынуға болады.</p> <p>Педагогикадағы әдістер тізбегі аталғандармен шектелмейді. Олардың түрі мен формасы педагогикалық теориямен айналысқан зерттеуші- ғалымдар мен озат мұғалімдердің ынта - ықылас ізденуіне байланысты, әдістердің жаман, жақсысы болмайды, олардың әрбірі өз орнында құнды.</p> <p><b>Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар</b></p> <p>Жеке таңдауын ескере бөлек бөлшектерден тұтас сурет құрастыруды көздейтін жобалы әдіс:</p> <p>а) интерпретация;</p> <p>б) конструкциялау;</p> <p>в) креативті тесттер;</p> <p>г) құрылымдық.</p> <p>38. Диагностикалау кезеңдерін көрсетіңіз:</p> <p>а) нәтижелерді зерттеу, мәнін түсіну;</p> <p>б) зерттеу жүргізу, зерттелушімен әңгіме;</p> <p>в) зертханалық жағдайда бақылау, психикалық коррекция;</p> <p>г) зерттелушімен әңгіме, нәтижелер мәнін ашу.</p> <p>39. Жеке тұлғаның шығармашылық қасиеттерін айқындауға, тануға және бағалауға бағытталған тесттер:</p> <p>а) жетістік;</p> <p>б) креативтік;</p> <p>в) темперамент;</p> <p>г) аффиляция.</p>	
<p>№ 11 дәріс</p>	<p><b>Педагогикалық эксперимент</b></p> <p><b>Қарастырылатын сұрақтар (дәріс жоспары):</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Эксперимент ұғымының мәні.</li> <li>2. Педагогикалық эксперименттің түрлері.</li> <li>3. Эксперименттің деңгейлері.</li> </ol> <p><b>Дәрістің қысқаша мазмұны:</b></p> <p>Ғылыми педагогикалық зерттеудің қандай да бір әдіс не тәсілінің педагогикалық тиімділігін анықтау үшін арнайы ұйымдастырылған тексеру түрі - эксперимент.</p> <p><i>Эксперимент деп нақты, жағдайды есепке алып, педагогикалық процесті зерттейтін ғылыми тәжірибені айтады.</i> Педагогикалық процестерге сүйеніп, зерттеуші оқытудың және тәрбиенің тиімді тәсілдері мен әдістерін, формалары мен тәсілдерін тексереді. Экспериментті зерттеулердің нәтижелері әдеттегі жағдайда жүргізілетін педагогикалық жұмыспен салыстырылады. Сондықтан эксперимент мәліметтерін салыстыру үшін екі объекті алынады. Олардың бірі - эксперимент, екіншісі - бақылау объектісі деп аталады. Эксперименттік объектіде, мысалы, эксперимент зерттеушінің ғылыми жазба ұсынбасы бойынша, ал бақылау объектісінде - әдеттегі оқу бағдарламалары мен оқулықтарға сәйкес жүргізіледі. Мектеп жағдайында бір топ оқушыларды немесе толық сынып ұжымын, мектептен тыс жағдайда өндірістік звено немесе бригаданы эксперимент объектісі етіп, ал екінші бір топ оқушылардың, немесе толық сынып ұжымын, сол сияқты өндірістік звеноны немесе бригаданың объектісі етіп алуға болады.</p> <p>Зерттеу жұмысы нәтижелі болу үшін эксперимент және бақылау топтарындағы, сыныптардағы, бригадалардағы оқушылардың сан және сапа жағынан тендестіріліп алынғаны жөн. Сонымен бірге мұғалімдердің қабілетінің, білім мен стажының да шамалас болғаны шарт.</p> <p>Педагогикалық экспериментті зерттеуші өзі жүргізсе <b>белсенді эксперимент</b>, ал зерттеушінің ғылыми жазба ұсынбасы бойынша екінші бір адам жүргізсе <b>енжарлы эксперимент</b> деп аталады.</p> <p>Соңғы кезде педагогикалық әдебиеттерде эксперименттің бірнеше түрлері қолданылып келеді. Олардың бірі - <b>табиғи эксперимент</b> - бұл сыныпты, бүкіл ұжымда оқу - тәрбие процесін бұзбай, педагогикалық проблемаларды зерттеу үшін әдеттегі жағдайда жүргізіледі.</p>	<p>2</p>

	<p>Мектептердегі озат тәжірибелерді зерттеу барысында пайда болған болжамды анықтау үшін тексеру эксперименті қолданылады. Мысалы, педагогикалық ғылыми - зерттеу институттары жаңадан жасалған оқулықтардың немесе оқу бағдарламаларының тиімділігіне арналуы мектептерде тексеру эксперименті арқылы зерттейі.</p> <p>Тұтас педагогикалық процестің мазмұнын, ұйымдастыру формаларын, принциптері мен әдістерін жаңадан құру үшін арнаулы эксперимент жүргізіледі. Мұны <b>жасампаз эксперименті</b> деп атайды.</p> <p>Эксперимент жасанды жағдайда да жүргізуге болады. Кейде жете бақылау мен тексерудің нәтижесінде оқыту мен тәрбиенің кейбір әдістері мен тәсілдеріне өзгерістер енгізуге болады. Бұл жағдай педагогикалық құбылыстарды ұқыптылықпен бақылау үшін сынып ұжымынан бір топ бала бөлініп алады да, олармен арнаулы эксперимент жүргізіледі. Эксперименттің мұндай түрін <b>лабораториялық эксперимент</b> деп атайды.</p> <p>Әрбір эксперименттің мақсаты зерттелетін тақырыптың сипаты мен мазмұнына, ал мерзімі - мақсатына байланысты.</p> <p><b>Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жасампаз эксперимент деп нені айтамыз?</li> <li>2. Лабораториялық эксперимент қалай жүргізіледі?</li> </ol> <p>1. Зерттелетін құбылыс тез арада жақсы көрінетін және оны анық бағалауға болатын жасанды жағдай тудырады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>а) жаттығу;</li> <li>б) бақылау;</li> <li>в) тәжірибе;</li> <li>г) тестілеу.</li> </ol> <p>2. Дайындалған тұлға белгілі бір мақсатпен <b>диалсц»</b> арқылы, бетпе-бет сұхбат арқылы ақпарат алу әдісі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>а) анкета;</li> <li>б) сұхбат;</li> <li>в) тест;</li> <li>г) сұрау парағы.</li> </ol> <p>3. Зерттелушінің компьютермен диалогы арқылы тестілік ақпарат жинастыруды көздейтін тесттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>а) әңгіме;</li> <li>б) жобалау әдісі;</li> <li>в) сұхбат;</li> <li>г) аппаратуралық тесттер.</li> </ol>	
<p>№ 12 дәріс</p>	<p><b>Ғылыми мәтінмен жұмыс</b>  <b>Қарастырылатын сұрақтар (дәріс жоспары):</b>  <b>Дәрістің қысқаша мазмұны:</b></p> <p>Қисындық толыққандық баяндау тілі ұйымдастырылған жұмыс түріне байланысты болып келеді. Ғылыми баяндаманың бірнеше түрін ұсынуға болады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Баяндама немесе жария жазба – жазбаша түрдегі құрылған, бірақ зерттеу мен оның қорытындыларын, маңызын ауызша баяндауларға арналған ережеге сәйкес баяндамалар мен хабарлаулар газетте жарияланбайды- негізгі идеялар қысқаша баяндалады.</li> <li>2. Мақала – тақырыптың маңыздылығы туралы қиыстырмалы ескертулерді, зерттеу міндеттерін, жұмыс әдістемелері туралы қысқаша мәліметтерді, оның нәтижелерін талдау мен жариялауды қорытындылар мен ұсыныстарды қамтиды.</li> <li>3. Рецензия – рецензенттің міндетті түрдегі таланттар жүйесіндегі бір немесе шығармаларды сынмен қарау, қарастыру рецензия талқыланып жатқан мәселелерді өңдеу жолдары туралы тиімді ұсыныстар мен кеңестерді қамтиды.</li> <li>4. Кітапша және монография белгілі бір мәселені оның маңыздылықтарын ашуды оның даму тарихын, оның нәтижелерін баяндауды, қорытындылары мен ұсыныс – пікірлерін бірізді және нақты қарастыру болып табылады.</li> <li>5. Оқу құралы – белгілі бір ғылым саласындағы қазіргі ғылыми мәліметтер мен іс- тәжірибелерін ұсыныс пікірлерді жүйелі түрде баяндау. Зерттеу жұмысының нәтижелері құралдары көрініс береді, болашақта қазіргі ғылыми мәліметтер жүйесі мен негізгі концепциялар мен теориялармен сәйкестендіріледі.</li> </ol>	<p>2</p>

	<p>6. Диссертация – ғылым факторы мен кандидаттының, ғылыми деңгейіндегі ізденістеріне бағытталған топтық қорғауға арналған ғылыми жұмыс нәтижелерін баяндау болып табылады.</p> <p><b>Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Рецензия қалай жазылады?</li> <li>2. Кітапша және монография мазмұны нені білдіреді?</li> <li>3. Ғылыми баяндаманың түрлері</li> </ol> <p>1. Мақсатты психологиялық қасиеттерді өлшеу емес, ал оқу бағдарламасында ұйғаратын шарттарды өлшеуді көздейтін тесттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>а) психологиялық;</li> <li>б) педагогикалық;</li> <li>в) жобалық;</li> <li>г) конструктивті.</li> </ol> <p>2. Бір топ мүшелерді бір-біріне әр түрлі белгі арқылы бағалау әдісі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>а) графикалық сызбалау;</li> <li>б) конструктивті;</li> <li>в) жобалық;</li> <li>г) социометрия.</li> </ol> <p>3. Ойелесінде пайда болған суреттер негізінде жеке тұлғаның психологиялық жағдайын <b>диагно</b> бағытталған әдістеме:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>а) конструкциялау (сындарлы);</li> <li>б) графикалық, жобалық;</li> <li>в) күйін, қасиетін анықтайтын тесттер;</li> <li>г) жеке тұлғалық.</li> </ol>	
<p>№ 13 дәріс</p>	<p><b>Ғылыми хабарламалардың формалары</b></p> <p><b>Қарастырылатын сұрақтар (дәріс жоспары):</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Конспект, тезис – ғылыми хабарлама формасы ретінде.</li> <li>2. Ғылыми баяндама, мақала, пікірдің ерекшеліктері.</li> <li>3. Зерттеудің библиографиясы, тезаурус.</li> <li>4. Зерттеуді диссертация түрінде рәсімдеу</li> </ol> <p><b>Дәрістің қысқаша мазмұны:</b></p> <p>Ғылыми хабарламалар зерттеу жұмыстарының негізгі идеялары мен нәтижелерін жариялау үшін қолданылады. Олар зерттеушінің ғылыми тұрғыда өсуін, қалыптасқан зерттеушілік мәдениетінің деңгейін көрсетеді. Магистрлік диссертацияларға қойылатын талаптарды талқылау осы міндеттерге жатады.</p> <p>Магистрлік диссертация мазмұны:</p> <p>1 Магистрлік диссертацияда белгілі мамандық бойынша ғылым мен тәжірибенің қазіргі заманғы ахуалына сәйкес келетін тақырып бойынша дербес ғылыми зерттеудің қорытындысы баяндалады.</p> <p>2 Магистрлік диссертация мазмұны мына талаптарды қамтуы тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- зерттелетін тақырыптың өзектілігі мен жаңалығы;</li> <li>- зерттеудің мақсаты мен міндеттері;</li> <li>- дәлелденген авторлық көзқарастың көрініс табуы және зерттелетін мәселе бойынша теориялық және практикалық қорытындыларды әзірлеу;</li> <li>- қорғалатын ережелердің ғылыми және практикалық мәні;</li> <li>- автордың қол жеткізген нәтижелерінің анықтығы.</li> </ul> <p>3 Магистрлік диссертация авторы жұмыстың мазмұнына жауап береді.</p> <p><b>Магистрлік диссертация құрылымы</b></p> <p>3.1 Магистрлік диссертация ғылыми зерттеудің мынадай құрылымдық элементтерінен тұрады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- титулдық беті (диссертацияның бірінші беті,);</li> <li>- мазмұны (беттері көрсетілуі тиіс,);</li> <li>- қысқартулар, символдар мен шартты белгілердің тізбесі (қажет болған жағдайда);</li> <li>- кіріспе;</li> <li>- негізгі бөлім;</li> <li>- қорытынды;</li> <li>- пайдаланылған дереккөздер тізімі;</li> <li>- қосымшалар (қажет болған жағдайда).</li> </ul>	<p>2</p>

Диссертацияның құрылымдық элементтеріне қойылатын талаптар

1 Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, оның мақсаты, міндеттері, зерттеу нысаны мен пәні, мәселенің практикалық құндылығы және арнайы әдебиеттегі зерттелу деңгейі, зерттеудің ғылыми жаңалығы, сонымен қатар зерттеу әдістері міндетті түрде көрініс табуы тиіс. Кіріспеде диссертация тарауларының мазмұны қысқаша баяндалуы тиіс.

2 Диссертацияның негізгі бөлімінде орындалған жұмыстың мәні және негізгі нәтижелері толығымен қарастырылады.

Жұмыстың негізгі бөліміндегі тараулар (бөлімдер) саны оның мазмұнымен (2-3 тарау) анықталады. Негізгі бөлім тарауларының мазмұны диссертация тақырыбына сәйкес келуі керек, оны толық және жүйелі түрде ашып және кіріспеде айтылған міндеттерге жауап беруі тиіс. Әрбір тарау зерттелетін мәселе бойынша автордың ұстанымы және теориялық, практикалық тұжырымдар мен ұсыныстарды әзірлеумен аяқталуы тиіс.

Магистрлік диссертацияның негізгі бөлімінің мазмұнына қойылатын негізгі талаптар:

- жұмыс дайындық бағытына сәйкес келетін нақты міндеттерді шешуге арналуы тиіс;

- жұмыс құрылымы, жалпы жағдайда, зерттелетін мәселенің қазіргі жағдайын суреттеуді, міндеттерді шешудің ықтимал жолдарын қалыптастыру мен талдауды, сонымен қатар шешімнің нақты нұсқаларын қамтуы тиіс;

- талдаудың әртүрлерін жүргізу үшін қорытынды есептік кестелер, бастапқы мәліметтерінің көпшілігі жұмыстың негізгі бөліміне енгізілмейді, олар қосымшаға шығарылады; иллюстрациялық материалдың жалпы көлемі (суреттер, графиктер, кестелер) барлық жұмыс көлемінің 30 пайызынан аспауы тиіс.

Магистрлік диссертация отандық және шетелдік ғылым мен тәжірибенің қазіргі заманғы теориялық, әдіснамалық және әдістемелік жетістіктері негізінде орындалуы тиіс.

Магистрлік диссертация қорытындысында жүргізілген ғылыми зерттеулердің жалпы қорытындысы және диссертация бөлімдері бойынша қысқаша тұжырымдар жасалады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі мен оларға жасалатын сілтемелер талапқа сәйкес ресімделеді (5- бөлім).

Қосымшалар магистрлік диссертацияның жалғасы ретінде оның кейінгі беттерінде ресімделеді, магистрлік диссертация мәтініндегі келтірілген сілтемелер тәртібі бойынша орналасады. Әрбір қосымшаны жаңа беттің ортасында «ҚОСЫМША» сөзінен және оның шартты белгісін көрсете отырып бастау керек. Қосымшаның тақырыбы болуы тиіс, ол мәтінге қатысты симметриялық түрде бас әріппен жаңа жолдан жазылады. Қосымша орыс эліпбиінің бас әрпімен, А әрпінен бастап, белгіленеді. Егер магистрлік диссертацияға қосымша ретінде дербес мәні бар құжат қолданылса, оны түпнұсқа күйінде қосады. Қосымша беттері диссертацияның қалған бөлімдерімен бірге рет-ретімен нөмірленеді.

**Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар**

1. Магистрлік диссертацияның негізгі бөлімінің мазмұнына қойылатын негізгі талаптар

2. Магистрлік диссертация қорытындысы

1. Жоғары педагогикалық нәтиже беретін тәжірибе:

а) алдыңғы қатарлы тәжірибе (озық);

б) инновация;

в) тәжірибе;

г) педагогикалық үдеріс.

2. Оңтайлылық, тұрақтылық, перспективалық ненің критерийі:

а) педагогикалық зерттеулер әдісінің;

б) педагогикалық үдерістің;

в) алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибенің;

г) бақылаудың.

3. Талдау, мәнін түсіну, оқытушының журнал, газеттерге ұсынылған өз

тәжірибесінің баяндама түріндегі жиынтығын көрсететін педагогикалық тәжірибені



	<p>зерттеу формасы:  а) педагогика мәселелері бойынша семинар сабақтары;  б) педагогикалық оқулар;  в) педагогикалық кенестер;  г) ашық сабақтар.</p>	
<p>№ 14 дәріс</p>	<p><b>Педагогикалық эксперимент міндеттері</b>  <b>Қарастырылатын сұрақтар (дәріс жоспары):</b></p> <p>Эксперимент басқа ғылыми - зерттеу әдістеріне қарағанда жақсы нәтиже береді. Бірақ, эксперименттің барысында ғылыми материалдарды толықтырып жинақтау үшін бақылау, әңгіме, құжаттармен танысу сияқты зерттеу әдістері де қолданылады. Сонымен бірге, зерттеу барысында техникалық құралдар кеңінен қолданылғаны жөн. Соңғы кезде педагогикалық әдебиеттерде математикалық және кибернетикалық зерттеу әдістерін пайдалану мәселелері сөз етіле бастады. Бұл әдістерді қолданудың кейбір тәсілдері Ительсонның кітабында көрсетілген. Математикалық және кибернетикалық әдістер техника мен жаратылыстану ғылымдарында кеңінен қолданыла бастады. Осы әдістерге сүйеніп, кибернетиканың, математиканың, математикалық, статистикалық, ықтималдықтар теориясы жетістіктерін педагогикалық зерттеулерде қолдануға болады, бірақ, педагогикалық ғылымда бұл әдістерді қолдану мәселелері өз дәрежесінде шешілген жоқ. Өйткені, педагогикалық құбылыстардың сапалық өзгерістері мен өзара сандық байланыстарын арнайы өлшеу арқылы анықтау өте күрделі проблемалардың бірі. Мысалы, оқушылардың сабақ процесіндегі қабілетін, белсенділігін немесе құлықтық сапасы (патриотизм мен интернационализм, адалдық пен шындық) сияқты педагогикалық құбылыстарды өлшеуге болар ма еді? Әрине, бұл сұраққа бірден болады деп жауап беру мүмкін емес. Себебі, баланың іс әрекеті, мінез - құлқы, оның әлі де толық танылмағаны психикасына байланысты.</p> <p>Ғылыми педагогикалық зерттеу әдістері тек қана ғылымдардың төл ісі болмайды, барлық мұғалімдердің игілігіне айналуы қажет. Мұғалім өз жұмысында зерттеу әдістерін ғылыми негізінде меңгеріп, социология және психология ғылымдарының әдістерімен ұштастырып жүргізе білгенде ғана өзінің және басқа мұғалімдердің тәжірибелерін жан - жақты зерттей алатын болады.</p> <p>Педагогикалық, эксперимент міндеттері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жобаланған педагогикалық құбылыс және оның іске асуында көрініс беретін себеп- салдарлы байланыстар мәнін зерттеу;</li> <li>2) педагогикалық құбылысқа зерттеушінің белсенді ықпал жасауы;</li> <li>3) педагогикалық ықпал мен ықпалдастықтың нәтижесін өлшеу.</li> </ol> <p>Эксперимент келесі кезеңмен өткізіледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- теориялық ( проблема қою, зерттеу максатын, нысанын және денін анықтау, міндеттер мен гипотеза белгілеу);</li> <li>- әдістемелік (зерттеу әдістемесі мен оның жоспарын айқындау, бағдарлама түзіп, алынған нәтижелерді өңдеу әдістерін нақтылау);</li> <li>- эксперимент жұмысы - бірнеше тәжірибелік зерттеу әрекеттерін орындау (ситуация түзу, бақылау, тәжірибені басқару және зерттеушілердің жауап әрекеттерін бағалау);</li> <li>- талдау - сандық және сапалық сарапқа салу; алынған деректерге түсініктеме беру; қорытынды жасап, практикалық ұсыныстар енгізу.</li> </ul> <p><b>Эксперимент түрлері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. <b>табиғи</b> ( калыпты оқу-тәрбие процесі жағдайында) және зертханалық-қандай да әдістің тиімділігін тексеру үшін жасанды жағдайлар түзу ( экспериментке алынған балалар тобы өз алдына бөлектенеді). Көп жағдайларда табиғи эксперимент қолданылады. Ол зерттеуге алынған педагогикалық құбылыс мазмұны, максаты және т.б. орай ұзаққа созылған не қысқа мерзімді болуы мүмкін.</li> <li>2. Егер эксперимент педагогикалық процестің нақты жағдайымен танысуға бағытталған болса, деректеуші (контрстирующий) аталып, ал оқушы не сынып ұжымының дамуына қажет жағдайларды анықтауға арналған күнде мұндай эксперимент - қайта жасаушы (дамытушы) деп аталады. Қайта жасау экспериментінде салыстырып баруға керек бақылау топтары түзіледі. Эксперименттік әдістің қиындығы: оны жүргізу техникасын жете білу қажет, бұл зерттеу барысында ұйымдастырушының аса үлкен сыпайылығы мен әдептілігі, көрегендігі мен егжей-тегжейлілігі, зерттеудегілермен қатынас түзу қабілеттілігі де</li> </ol>	<p>2</p>

	<p>маңызды келеді.</p> <p><b>Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар</b></p> <p><b>1. Эксперимент түрлері:</b></p> <p><b>2. Табиғи эксперимент</b></p> <p>1. Пікірталас, дискуссиялар — педагогикалық тәжірибені зерттеу формасы ретінде мыналардың қайсысын алға қояды?</p> <p>а) педагогикалық тәжірибенің теориялық талдауын;</p> <p>б) белгілі бір мәселе бойынша пікір алмасуда;</p> <p>в) дидактикалық материалдар <b>жасаудің</b></p> <p>г) эмпириялық тәжірибенің теориялық талдауы.</p> <p>2. Конференция — педагогикалық зерттеудің формасы, алға қоятын мақсаты:</p> <p>а) тәжірибелік тәжірибені кешенді зерттеу;</p> <p>б) белгілі бір ғылыми <b>тақырғаден</b> шығу;</p> <p>в) ашық сабақтарды талдау;</p> <p>г) ғылыми <b>проблемакы</b> өзінен оқу.</p> <p>3. Педагогикалық оқу, экспедициялар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, өз бетімен білім алу:</p> <p>а) озық педагогикалық тәжірибені оқу формасы;</p> <p>б) алғашқы ақпаратты жинау әдісі;</p> <p>в) педагогикалық үдерісті ұйымдастыру құралдары;</p> <p>г) педагогикалық мәліметтер жинақтау.</p>	
<p>№ 15 дәріс</p>	<p><b>Теориялық және тарихи ғылыми педагогикалық зерттеулердің әдістері</b></p> <p><b>Қарастырылатын сұрақтар (дәріс жоспары):</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ғылыми танымның екінші деңгейі.</li> <li>2. Теориялық деңгей әдістері</li> <li>3. Талдау мен синтез.</li> </ol> <p><b>Дәрістің қысқаша мазмұны:</b></p> <p>Ғылыми танымның екінші деңгейі-теориялық деңгей. Ол зерттеушігі зерттеу әдістері мен ғылыми нәтижелер арасындағы себеп – салдарлық тәуелділікті айқындауға, эмпирикалық деректерден теориялық қорытындыларға көшу барысындағы педагогикалық заңдылықтарды анықтауға көмектеседі.</p> <p>Теориялық деңгей әдістері:</p> <p>1. Әдебиет көздерін зерттеу зерттеудің бастапқы құрамды бөлігі болып табылады. Бұл кез- келген ғылыми іс- әрекеттің алғашқы кезеңі. Зерттеуші ғылымның осы саласында оған дейін қандай мәселелер зерттелгенін анықтау үшін, зерттеу мәселесінің бұрынғы мен қазіргі жай- күйін және оған қатысы бар барлық мәселелерді түсіну үшін таңдап алған тақырыбы бойынша әдебиеттермен тасыуы қажет.</p> <p>Зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерді білу зерттеушіні мәдениетінің, оның ғылыми адалдығы мен зерттеу нәтижелерінің құндылығының шарты болып табылады. Ғылымның зерттеліп отырған саласының жай-күйі мен дамуын тану үшін зерттеуші әр түрлі педагогикалық бағыттар, көзқарастар, ғылыми мектептер, отандық және шетелдік баспалардың арасынан өзіне қоректі әдебиетті таңдап алып, көптеген авторларға ортақ және білім беру процесіндегі заманға сай тенденцияларды анықтайтын жалпыны табуы қажет.</p> <p>Әдебиеттерді зерттеу кезінде оларға талдау жасау, оларды салыстыру, теңестіру, жалпыға ортақ ғылыми әдістерді анықтау сияқты жұмыстар жүргізіледі, ол қоршаған болмысты тануда алкен рол атқарады. Әдебиет көздерін зерттеу әдісі ғылыми танымның белгілі бір кезеңіндегі зерттеудің нақты мақсаттар мен міндеттерімен анықталады. Бұл әдістің қажетті әдебиеттерді іздеу, әдебиет материалдарына алдын-ала талдау жасау, оқу мен жазып алу техникасын ескеру, тақырыптық белгілері бойынша жеке картотеканы құру, әдебиеттерді бір жүйеге келтіріп қолдану, әдебиеттерді зерттеу сияқты сатылары бар.</p> <p><i>Талдау мен синтез. Талдаудың эмпирикалық материалы механикалық бөлу; тұтастың құрамындағы элементтерін өзара қатынасы формаларын анықтау; білім құрылысын ашу; зерттеу объектісінің сипати мен динамикасын айқындау сияқты түрлері бар. Талдау элементарлы сипатта болуы мүмкін, бұндай талдауда элементтерінің бір-біріне және тұтастай бастапқы жүйеге қатынасы айқындалмайды.</i></p>	<p>2</p>

Сондай –ақ ол қатыстық-қисынды сипатта болуы мүмкін, мұндай талдауда элементтерінің бір-біріне қатынасы көрініс табады.

*Абстракциялаудың* (дерексіздендіру) екі түрі бар: талап қорыту және жекелеп бөлу. Талап қорыту - көптеген бірыңғай заттар мен құбылыстардың жалпы, бірдей белгілерін анықтау. Жекелеп бөлу - бір затты немесе құбылысты зерттеп, талдау үшін зерттеушіге қажетті бір қасиетін бөліп алу процесі.

*Дәріптеушілік*- дерексіздендірудің бір түрі, оны ғылыми танымның жеке тәсілі ретінде қарастыруға болады. Дәріптеушілік процесі барысында зерттеуші ой жүзінде заттың барлық шынайы қасиеттерінен бас тартып, оның мазмұнына іс жүзінде мүмкін немесе жаңа түсінік пен белгі береді.

*Тұжырым жасаудың индуктивті және дедуктивті* әдістері; Бұл әдістің көмегімен эмпирикалық деректер қорытындыланып, жекеден жалпыға қарай және керісінше жалпыдан жекеге қарай қисынды салдарлар айқындалады.

*Ұқсастыру әдісі заттар мен құбылыстардың жалпылығын айқындау үшін қолданылады.*

Теория жүзінде мүмкін жағдайдың, құбылыстың немесе заттың моделі жасау әдісі. *Модельдеу*- зерттеу объектісінің өзімен ұқсастық қатынастығы басқа бір объектімен алмастыратын зерттеу әдісі. Бірінші объект топ нұсқа болады да екінші объект оның моделі болады. Зерттеуші модельді зерттеп, алған нәтижелерін ұқсастық және үйлестік заңы ойынша түпнұсқаға көшірілді. Модель және модельдеу әдісі түпнұсқаны зерттеу қиын немесе мүмкін емес болғанда немесе түпнұсқаны зерттеу қиын немесе мүмкін емес болғанда немесе түпнұсқаны зерттеу алкен қаражат шығынын талап еткен жағдайда қолданады. Модельдің түп нұсқадан айырмашылығы оны зерттеу оңай, слайда оның бойында модельне де, түпнұсқаға да тән негізгі сипаттары мен өлшемдері болуы қажет. Модель ұқсастық ретінде түпнұсқа, оны жетілдіру, байта құру және оны басқару туралы білімді зерттеу, сақтау және кеңейту үшін қолданылды.

*Модельдеу – ауызша, логикалық, физикалық, математикалық, заттық. Белгілік болады. модельдің түрін таңдау таным зерттеу объектісінің күрделілігіне байланысты.*

*Болжау әдісі:* зерттеушінің қаысынсыз педагогикалық жүйе немесе білім белу жүйесінің қозғалысын көрсету үшін қолданылды. Зерттеу нәтижесінде алынған нақты ғылыми деректерді сандық көрсеткіштерге, кестелерге, графиктерге, сызбаларға, диаграммаларға, формулаларға, түсініктер мен заңдарға айналдыру зерттеушінің ойлау абстракциясының жоғары деңгейі мен дәрежесі қажет. Осының бәріне бүгінде болашақтағы білім беру жүйесінің даму заңдылықтары мен тенденцияларын түсіну үшін теориялық жағынан терең талдау жасалуда.

Математикалық және статистикалық әдіс педагогикалық құбылыстар мен олардың сапалық өзгерістері арасындағы сандық тәуелділікті анықтау үшін қолданылады. Бұл әдіс зерттеу жиынтығын өңдеу үшін, байланыс пен ықпал ету көрсеткіштерін есепке алу үшін, өзара тәуелділікті айқындау үшін, орташа арифметикалық қате мен оның мөлшерін айқындап, осы мөлшерді бөлу дәрежесін (диспрессия), орташа арифметикалық қате мен оның мөлшерін айқындап, осы мөлшерді бөлу дәрежесін (дисперсия), орташа квадраттық ауытқуларды, әртүрлілік коэффициенттерін есептеу үшін қолданылады.

**Осы дәріске ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша тест тапсырмалары және сұрақтар**

1. Модельдеу –ауызша, логикалық, физикалық, математикалық, заттық.
2. Болжау әдісі

Қатар ортасының көрсеткіші:

- а) медиана;
- б) мода;
- в) дисперсия;
- г) корреляция.

53. Педагогикалық үрдістің заңдылықтарының тууына көмектесетін математикалық тәсілдер, формулалар, сандық есептер түрлері:

- а) педагогикалық қызмет әдістері;
- б) тәжірибелік статистикалық өңдеу;
- в) дисперсия;
- г) статистикалық талдау.

	<p>54. Дисперсия, мода, медиана, орташа арифметикалық, бұл;</p> <ul style="list-style-type: none"><li>а) деректерді статистикалық өңдеу түрлері;</li><li>б) математикалық талдау әдістері;</li><li>в) тәжірибе компоненттері;</li><li>г) орташа шаршылы ауытқу.</li></ul> <p>55. Сандық және сапалық жиынын көлденеңінен және тігінен тәртіпке келтіру:</p> <ul style="list-style-type: none"><li>а) график;</li><li>б) диаграммалар;</li><li>в) гистограммалар;</li><li>г) кестелер.</li></ul>	
--	---	--